Для цитирования: Асанова Г.К., Калиев Дж.Н. Этнополитическая консолидация казахского народа во второй половине XV–XVIII веках (по материалам фольклорных источников) // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz». 2024. Т. 11. № 4. С. 827-839. (На Каз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2024_11_4_827-839

Кіріспе

Кез келген тарихи нақты қоғамда өзіндік құндылықтар жүйесі қалыптасады. Олар қоғамның құндылық бағдарларын анықтайды, бұл өз кезегінде әлеуметтік мінез-құлықты ынталандырады. Құндылықтарды үш топқа бөлуге болады: адам өмірімен және оның көбеюімен; материалдық тауарларды өндірумен және тұтынумен; қоғамды ұйымдастырумен және қоғамдық қызметпен байланысты. Негізгі қажеттіліктер мен құндылықтар неғұрлым күрделі, рухани, моральдық және олардан туындайтын ілеспе – этникалық, қоғамдық, саяси құндылықтарды қалыптастырады.

Қазақтардың этносаяси, қоғамдық санасы қазақ халқының ғасырлар бойы дамуының нәтижесі болды және, әрине, ұлттың болашақ тағдырына маңызыды әсер етті. Қазақ халқының этносаяси, қоғамдық санасының қалыптасуына оның салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары мен өзіндік ерекшеліктері қатты әсер етті. Сондықтан қазақ қоғамын *дәстүрлі* деп атауға болады. Жалпы шығыс қоғамы осылай аталады. Бұл еуропалық емес өркениеттердің өмірі мен дамуында дәстүрлердің ерекше рөліне байланысты. Терең этникалық және өзіндік ерекшелігімен қатар, шығыс қоғамдарының саяси, қоғамдық санасына белгілі бір *қауымдастық* тән. Шығыс халықтарының *дәстүрлі* әлеуметтік санасы табиғатқа және географиялық ландшафтқа тәуелділігі, корпоративті әлеуметтік құрылым, дәстүрлі әлеуметтік институттар мен қатынастардың таралуы сияқты өзіндік ерекшеліктерінің негізінде қалыптасты. Дәл осы феномен шығыс, оның ішінде қазақ қоғамының ерекшеліктерін көрсетеді. Сондықтан қазақ халқының этносаяси қауымдасу тарихи үдерістерін мемлекет құраушы фактор ретінде, жаңа тұжырымдамалық ғылыми тұрғыдан қарастыру қажет.

Материалдар мен әдіс-тәсілдері

Тарихи процесс барысында халықтардың өзін-өзі тануын тек фольклорды, этнос өкілдерінің ауызша халық шығармашылығын зерделеу арқылы зерттеуге болады. Сондықтан да бұл жұмыс үшін қазақ фольклоры, атап айтқанда XIV–XVIII ғасырлардағы жыраулардың қаһармандық эпосы мен шығармалары, ел аузындағы, ақын-жыраулар мұрасындағы тарихи кейіпкерлер, жалпы ел басынан өткен тарихи оқиғалар жайлы аңыз әңгімелер мен тарихи жырлар маңызды дереккөз болып табылады. Тарихи процесс барысында халықтардың өзін-өзі тануын тек фольклорды, этнос өкілдерінің ауызша халық шығармашылығын зерделеу арқылы зерттеуге болады. Сондықтан да бұл жұмыс үшін қазақ фольклоры, атап айтқанда XIV–XVIII ғасырлардағы жыраулардың қаһармандық эпосы мен шығармалары, ел аузындағы, ақын-жыраулар мұрасындағы тарихи кейіпкерлер, жалпы ел басынан өткен тарихи оқиғалар жайлы аңыз әңгімелер мен тарихи жырлар маңызды дереккөз болып табылады.

Бұл мәселені зерттеу барысында қазақ халқының тарихы, этникалық және аумақтық ұйымы туралы мәліметтерді қамтитын тарихи зерттеу үшін дәстүрлі жазбаша дереккөздер пайдаланылды. Осы деректерді үш үлкен топқа бөлуге болады, бірі жыраулар жыры, екіншісі би-шешендердің тапқыр нақыл сөздері, үшіншісі ұрпақтан ұрпаққа көшкен ауыз әдебиеті: эпос, дастандар мен аңыздар. Асан Қайғыдан басталған жыраулық дәстүр Махамбетке дейінгі 400 жылдық тарихи оқиғаларды қамтиды. Жыраулар мен би-шешендер Қазақ хандығының саяси, әлеуметтік және әскери істеріне тікелей қатысып отырғандарына байланысты, олардан қалған әдеби мұралар мен нақыл сөздерінде өте жоғары деңгейдегі ұлттық, мемлекеттік сана, туған жерге, елге деген сүйіспеншілік, батырлық рух, ерлік бейнеленген. Бұл дәуірдің маңызды ойшылдары Асан қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Ақтамберді, Шалкииз, Үмбетай, Бұқар және Махамбет қатарлы жыраулар мен Майқы би, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би сияқты би-шешендер. Олар шығармалары, монологтары мен нақыл сөздерінде, хандар мен сұлтандарға «дұрыс» пен «бұрысын», өздерінің ой-пікірлерін ашық айтып, сынап отырған. Осы туындылар – қазақ халқының ұлттық рухани қазынасы және аса құнды тарихи деректер деп білеміз. Аталған деректер сол дәуірдегі қазақ халқының этносаяси, мемлекеттік санасын, топтасуын, саяси мәдениетін, демек, социогенез барысын жаңаша қарауға айтулы үлес қоса алатыны даусыз.

Сонымен қатар, зерттеудің негізін тарихи зерттеулерді жүргізуге арналған жалпығылыми (эмпирикалық, диалектикалық, талдау және синтез, индукция және дедукция, жалпыдан нақтыға және керсінше) және арнайы (сипаттамалық-баяндамалық, салыстырмалы, жүйелік) ғылыми әдістері құрды. Сонымен қатар, жалпы өркениеттік, тарихизм, тарихи объективтілік принциптері арқылы өткеннің құбылыстарын сол тарихи кезең және әлемдік тарихи үдерістер аясында қарастырылды.

Талқылау

Қазақ хандығы дәуірі, қазақ мемлекетінің тәуелсіздігі мен оның даңқын арттыру төңірегіндегі тарихи оқиғалар дәл сол кезеңдерде өмір сүріп, ұлттық болмысымызбен, қазақ ұлтының рухани ұстанымдарының қалыптасуына ат салысқан жыраулардың монологтарында, тарихи және батырлық эпостарда, әскери дастандарда және аңыздарда айқын бейнеленген. Дербес мемлекеттік дәрежеде өмір сүрген Қазақ хандығы дәуірі туралы жыраулар әдеби мұрасында басты орын алды, және халқымыздың бай рухани қазынасын құрды.

Баршамызға белгілі тұңғыш тарихшы ғалымы, кемеңгер ойшылы, этнограф Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарих-и Рашиди» атты еңбегі Орталық Азия халықтарының XIII–XVI-шы ғасырлардағы тарихы, этнографиясы мен географиясы, әдебиеті мен мәдениеті жайлы классикалық тарихи шығарма болып табылады. Бұл еңбекте қазақ хандығының қалыптасуы туралы, мұнан кейінгі Жетісу мен Шығыс Дешті-Қыпшақта болған оқиғалар, Моғолстанның құлауы, соғыстар, қазақтар, қырғыздар және өзбектердің сыртқы жауға қарсы күресте өзара одақтасуы туралы көптеген мәліметтер бар. Біздің заманымызға жеткен тарихи еңбектердің бірі Қадырғали Жалайырдың «Жамиғ-ат-тауарих» («Шежірелер жинағы») атты еңбегі. Бұл еңбекте түркі тайпаларының көне тарихына шолу жасай отырып, XIV–XVI ғасырлардағы қазақ халқының этносаяси тарихына арнайы тоқталады.

Соңғы үш ғасыр бойы қазақ елінің өмірі орыс мемлекетімен байланысты болып келгені белгілі. Орыс саяхатшылары мен ел билеген шенеуніктері қазақ даласын, қазақтың өткен өмірі мен салт-дәстүрін жан жақты зерттеп, кітаптар жазды (Левшин А.И., Харузин А.Н., Радлов В.В., Бартольд В.В., Алекторов А., Г.Н. Потанин, М.П. Вяткин, Веселовский Н. және т.б.). Қазақ халқының этносаяси тарихын XIX ғасырда тиянақты зерттеуге тырысқан орыс ғалымы А.И. Левшин, X ғасырдағы Фирдоуси шығармасында қазақ атауының кездесетініне қарап, қазақтар сол кезден белгілі деген пікір білдірді. «Орыс жазушыларының көпшілігі алғашқы қазақтар татарлардан шыққан немесе олардан құралған, казак атауы олардан шыққан және олардан бұрынғы және қазіргі қазақтардың барлық тармақтарына өткен деп санайды. Біз үйреніп қалған бұл идеяны шығыс тарихшылары жоққа шығарып, қазақтар біздің хронологияның ең алыс ғасырларында өз бетіне тәуелсіз халық болғанын айтады. Кейбіреулер тіпті олардың өмір сүруін тіптен ертерек дейді. 1020 жылдар шамасында, яғни батыста моңғол-татарлар пайда болғанға дейін екі ғасыр бұрын өмір сүрген Фирдеуси немесе Фердуси «Рүстем тарихында» қазақ халқы мен қазақ хандарын атап өткені анық». Бұл жәйт қазақтардың тарихи аренада белгілі, тәуелсіз халық ретінде ертерек, моңғолдарға дейінгі кезеңде шыққанын айғақтайды. «Бұл халық Азияда ежелден белгілі және көптеген түрік тайпаларының бір тармағын құрайтын ежелгі дәуірде наймандардан, қырғыздардан немесе олармен туысқан басқа халықтардан кем түспейді» (Левшин, 1996: 153). Сонымен қатар, А.И. Левшин қазақтардың ерте шыққанын «олардың көнелігін» растау үшін келтіретінін атап, басқа да фактілерді келтіреді (Левшин, 1996: 156). Алайда, «қазіргі қырғыз-қазақ ордасын құрған ұрпақтар қаншалықты ерекшеленсе де, олардың барлығы бір жерде тұратын және ортақ бастығы немесе қожайыны бар бір халыққа біріктірілді. Тіл, дін, өмір салты, әдет-ғұрып бұған дәлел бола алады» (Левшин, 1996: 288–289).

Ш.Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбайұлы, Ә. Бөкейхан сияқты ұлт жанашырлары қазақ халқының этносаяси қауымдасу тарихын зерттеуде қазақ фольклоры мұрасына аса манызды көңыл бөлгенін көреміз. Сондай ақ Шоқан Уәлиханов Асан Қайғыны қазақ халқының қамын, болашағын ойлаған «дала философы» деп атаған (Уәлиханов, 2010). Сонымен қатар, Шоқан Уәлиханов қазақ қаһармандық эпосының озық туындысы

«Едіге» жырын хатқа түсіріп және жалпы қазақ эпосын зерттеп, қазақ халқының этносаяси тарихы туралы ғылыми мұра қалдырды.

Кеңес дәуірінде қазақтың білімдар азаматтары М. Тынышбаев (Тынышбаев, 1993), С. Асфендиаров (Асфендиаров, 1935; Асфендиаров, Кунте, 1935), Е. Бекмаханов (Бекмаханов, 1947), Қ. Сәтбаев (Сәтбаев, 1989), М. Әуезов (Әуезов, 1991; Әуезов, 1980), Ә. Марғұлан (Марғұлан, 1985), халқымыздың тарихын зерттей отырып, фольклорлық мұрасындағы тарихи тұлғаларға ерекше назар аударды. 1927 жылы Қаныш Сәтбаев Москва қаласынан «Ер Едіге» атты кітап шығарды. Жинаққа жазған алғысөзінде келешек ұлы ғалым Едіге әңгімесінің бір шеті Алтайды, бір шеті Қырымды мекендейтін түркі нәсілдестердің барлығында айтылатындығын ескерте келіп келіп, өзі шығартқалы отырған аталған кітаптың 1842 жылы Шыңғыс Уәлиханов пен баласы Шоқанның қыпшақ Арыстанбай мен Жұмағұлдың аузынан хатқа түсіріліп, 1905 жылы Санкт Петербургте П.М. Мелиоранскийдің кітап етіп шығартқан нұсқасын Қаржас Қопабай дейтін ақсақалдың айтуындағы жырмен салыстырып, бірсыпыра қазақшаланған түрі екендігін еске салады (Сәтбаев, 1989: 356).

Кеңес дәуірі кезеңінде түркі әлеміне байланысты зерттеулерге қойылған кейбір шектеулерге қарамастан, қазақ халқының этносаяси тарихын зерттелуіне айтарлықтай үлес қосқан ғалымдардың бірі және бірегейі – академик Әлкей Марғұлан. Ол – қазақ фольклорын, оның ішінде, қазақтың тарихи жыр-аңыздарына сүйене отырып, тарих пен этнографияны байланыстырып, тарихи фольклорды алғаш рет кешенді түрде зерттеген ғалым. Фольклордың этнографиямен тығыз байланысты екенін, олардың өзара этностың тарихын зерттеуде бірін-бірі толықтырып отыратындығын академик Ә.Х. Марғұлан өз зерттеулерінде дәлелдеді. Бұған ғалымның 1946 ж. қорғаған «Қазақ халқының эпикалық әңгімелері (миф, легенда, ертегі-жыр, аңызды әңгімелер) туралы тарихи-әдебиеттік зерттеулер» атты докторлық диссертациясы және 1985 ж. жарық көрген «Ежелгі жыр-аңыздар» атты ірі монографиялық еңбегі дәлел. Бұл еңбектерде Әлкей Марғұлан алғаш рет халықтың жыр-аңыздарын тарихи дерек ретінде пайдаланып, кешенді тұрғыдан зерттеген (Марғұлан, 2007; Марғұлан, 1985).

Қазақ халқының этносаяси қауымдасу тарихын зерттеуде Қазақстанның белгілі жазушысы, тарихшысы және қазақтың ауыз әдебиетін зерттеушісі Мұхтар Мағауинның XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының екі томдық «Бес ғасыр жырлайды» шығармалар жинағы аса көрнекті орын алады. Бұл жинақта Асан Қайғыдан бастап қазақ фольклорлық мұрасы жинақталған. Сонымен қатар, қазақ халқының этносаяси тарихы, этносаяси қауымдасу үдерістері Б. Кенжебаев (Кенжебаев, 1986), Ә. Дербісәлин (Дербісәлин, 1990), М. Мағауин (Мағауин, 1991), Ж. Тілепов (Тілепов.Ж. Елім деп еңіре-ген ерлер жыры. А., 1995), Ә. Сарай (Сарай, Ноғайлы, 2009), Қ. Салғараұлы (Салғараұлы, 1995), Б. Бораш (Бораш, 2007) т.б. еңбектерінде зерттелген.

Алайда, кеңестік кезеңде тарих ғылымында қазақ халқының фольклорлық дереккөздеріне қатысты қалыптасқан біржақты көзқарас, олардың тарихи құндылығы мен ғылыми маңыздылығын жоққа шығарды. Бұл қазақ халқының тарихының бұрмалауына және біржақты тұжырымдардың қалыптасуына әкелді. Қазіргі жағдайда қазақ халқының этносаяси тарихына деген қызығушылық артып, одан да үлкен ғылыми маңызға ие болғанын атап өткен жөн.

Зерттеу нәтижелері

Барлық көшпелі халықтардың, соның ішінде қазақтардың өзіне тән ерекшелігі күрделі және жан-жақты тармақталған «рулық» құрылым болды. Қоғам көптеген иерархиялық ұйымдастырылған «тайпаларға», «руларға», топтарға және кішігірім бөлімшелер мен тармақтарға бөлінді. Олар, күрделі әлеуметтік қатынастар жүйесімен және біртұтас отбасылық дәстүрлі шежіре арқылы өзара байланысты болды. Дәстүрлі қазақ қоғамында басшылар иерархиясы бар тайпалық ұйым, ақсүйектер, әскери-көшпелі ұжымдар және т.б. сияқты корпоративтік-ұжымдық ұйымның ерекше нысандары болды. Бұл бірлестіктердің ішінде ұжымшылдық, бауырластық және өзара көмек рухы бола тұра, бағыну және субординация қалыптасты. Қоғамдық қатынастар корпоративтік-ұжымдық үлгідегі құрылды, соның ішінде

(патронимия – басшылары туыстары болып табылатын отбасылардың бірлестігі; ру, тайпа, тайпалар одағы-тайпалық құрылымдардың иерархиясы; шаруашылық қызмет түрі бойынша қауымдастықтар, оның ішінде егіншілік, мал шаруашылығы, көшпелі, жартылай көшпелі және т.б.; бір аумақ тұрғындарының көршілік бірлестіктері; корпоративтік-ұжымдық дәстүрлері бар әскери бірлестіктер (батырлар, төленғұттар); жүздер – қазақ халқының әлеуметтік-саяси ұйымы (әр жүздің ішінде өзіндік тайпалық бөліну жүйесі бар).

Қазақтың «жеті-руды» білуі және өзін жалпы қазақтармен, рулық қатыстылығы арқылы сәйкестендіруі қазақтардың тарихи санасы болып табылады. Және бұл әлемдік құбылыс. Өзін белгілі бір отбасымен, тұқымымен, руымен, жерімен, яғни өзінің шығу тегінің нақты бастауларымен байланыстырмайтын бірде-бір адам жоқ. Қазақтардың жүзге бөлінуі шартты сипатта болды, өйткені байланыстар тайпаларға, солар өз кезегінде руларға бөлінді. Осылайша, қазақ қоғамы, басқа халықтар сияқты атомдарға бөлінді.

Ақпарат, білім, меншік, билік және ресурстар генеалогиялық туыстық арналар арқылы берілді, шығу тегіне байланысты адам белгілі бір тайпалық топқа қосылды. Бір жүзге кірген қазақтардың тайпалары бір-бірімен туысқан, тіпті бір ата-бабаның ұрпақтары болып саналған. Жүз халқы белгілі бір географиялық аймақта өмір сүргендіктен, бір жүзге кіретін тайпалар басқа жүздерге қарағанда күшті экономикалық қатынастармен байланысты болды. Осындай негізде ортақ дәстүрлері, әдеттері, әдет-ғұрыптарымен ерекшеленген этноқауымдастық қалыптасты. Алайда, ортақ этномәдениет, тіл, тұрмыстық және экономикалық біртұтастық берік байланыстырушы рөл атқарды. Егер қазақ даласында Отанды қорғау туралы мәселе туындаса, онда барлық қазақ жүздері бір қуатты күшке біріктірілді. Бұған тарихта мысалдар аз емес: этносаяси біртұтастық, патриотизм қазақ жеріне жоңғар шапқыншылығы кезінде көрінді. Барлық маңызды қоғамдық өмір, қауіпсіздік және көршілермен қарым-қатынас жалпы жиналыста-құрылтайда шешілді. Ұлттық, этносаяси біртұтастықтың басты белгілері: тарихи тамырлардың ортақтығы, ортақ тілі, шаруашылық байланыстар, дін-танымдар бірлігі, рухани әлем және саяси тағдырдың бірлігі, ортақ саяси дәстүрлер (билеуші әулеттің бірлігі – Шыңғыс ұрпақтары), ортақ тарихи тағдыр.

Шығыс елдерінің көпшілігінің аумағында, соның ішінде Қазақстан аумағында корпоративтік ұжымшылдық және ол тудырған идеология нысандары адамдарды біріктірді. Нәтижесінде дәстүрлі тұлға деп аталатын жеке тұлғаның белгілі бір түрлері пайда болды. Дәстүрлі тұлғаның бүкіл өмірі қоғамда өтті. Мұнда өскелең ұрпақтың әлеуметтенуі өтті. Жеке тұлға мен қоғамның бұл керемет бірлігіне жеке тұлғаны қауымдастыққа, ал қауымдастықты мемлекетке бағындыру арқылы қол жеткізілді.

Қазақ қоғамының әлеуметтік-тарихи тағдырлары қалыптасу барысында, этникалық, корпоративтік бөліну үрдісінің өзі оның саяси санасында терең орныққан. Түрлі этникалық және корпоративтік топтардың қатар өмір сүруі мен ынтымақтастығының тәжірибесі қазақ қоғамының саяси мәдениетінің құнды жетістігі болып табылады, дегенмен оның тарихи дамудың жекелеген кезеңдерінде қауымдастық сепаратизм түріндегі азапты шығындары болғанын жоққа шығаруға болмайды. Біз адам топтарын туыстық жақындық, ынтымақтастық, өзара көмек негізінде ұйымдастырудың барлық формаларын корпоративті-ұжымдық деп атаймыз. Әлеуметтік ұйымның бұл ерекше түрі географиялық ландшафттың, этногенездің, менталитеттің ерекшеліктерімен, қазақтардың ежелгі дәстүрлерімен және дәстүрлі шаруашылығының формасымен байланысты. Қазақ қоғамының әлеуметтік ұйымының корпоративтік-ұжымдық нысандары қазақ жерлерінің Ресейге қосылуы аяқталғанға дейін сақталды.

Осы құрылымдардың көпшілігі біртіндеп маңыздылығын жоғалтқанымен, корпоративті ұжымшылдық және ол тудырған әлеуметтік мінез-құлық формалары биліктің, өмір салтының, басқарудың, әлеуметтік өзгерістердің және т.б. өзгеруіне қарамастан адамдарды біріктірді. Жалпы алғанда, бұқаралық санада, әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлерге байланысты дәстүрлі көзқарастар мен қағидалар, билікке, үлкендерге, қалыптасқан тәртіпке құрмет көрсетуді талап ететін корпоративті-ұжымдық құндылықтар жүйесі қалыптасты.

Қоғамдық сана қоғамның құрылымымен, әлеуметтік басқару функцияларымен тығыз байланысты болды. Қоғамдық сананың мәні тарихи фактілерден, әртүрлі әлеуметтік топтардың іс-әрекеттерінен көрінеді. Ол адамдардың нақты тәжірибесімен байланысты және құндылықтардың, қоғамның мінез-құлық нормалары мен ұлт құндылықтарының үйлесімділігі мен үйлестірілу өлшемін білдіреді. Қазақтардың қоғамдық-саяси санасында болып жатқан үдерістерді нақты бейнелейтін жалғыз дерек көзі фольклорлық материалдар – XIII–XV ғасырлардағы эпостар және XV–XVIII ғасырларда өмір сүрген әнші-жыраулардың, ақындардың шығармалары болып табылады. Осы тұрғыдан келгенде біздің ғылыми қауым қазақтың жыраулар мен ақындар туындыларын тек көркем әдеби шығарма ретінде ғана емес, оларды аса құнды тарихи деректер ретінде қабылдау тиіс.

Ежелгі тарихи эпостардың бірі – «Қобыланды-батыр». Сипатталған оқиғалар шамамен XIII–XIV ғасырдың басына жатады. Қобыланды – кезінде Алтын орда мемлекетінің құрамында болған ноғай, қазақ, татар, башқұрт, қарақалпақ халықтары фольклорында ерекше суреттелген ер батыр. Кейбір деректерде Қарақыпшақ Қобыланды – XV ғасырда өмір сүрген, Қазақ хандығының құрылуына себепкер болған тұлға, ол арғын Дайырқожа биді өлтіреді. Жәнібек сұлтан досының қазасына күйініп, «қанға қан» салтымен Қобыландыны қолына беруді талап еткенімен, Дешті-Қыпшақ ханы Әбілхайыр марқұмның құнын алып бітісуді талап етіп, Жәнібек сұлтанның меселін қайтарады. Содан кейін ханға өкпелеген Керей мен Жәнібек сұлтан өзіне қарасты ру-тайпаларды соңына ілестіріп, Талас, Шу өңіріне ауып кетеді (Қобыланды батыр, 2023: 3). Осы эпостан үзінді келтірейік:

Қобландыдай төрені:

«Қазақтың ері келді», – деп,

Көктім аймақ патшасы

Кезекті бұған береді (Байғанин, 2012: 115).

Осы жолдардан және жалпы эпостан, осы уақыттарда тек ұлық ұлыс халқы – қыпшақтар туралы ғана емес, қазақтар – қазақ руы қыпшақ туралы айтылып отырғаны көрінеді. Қобыланды-қыпшақ, бұл ретте эпоста «қазақ» этнонимі, ал халық қазақ деп аталған. Қызылбаштармен (ирандықтармен) жақындап келе жатқан соғыс туралы хабарды алған ноғайлы руынан шыққан Қараман батыр халықты қыпшақ батыры Қобыландының басшылығымен оларға қарсы шығуға шақырады. Бұл оқиғалардың тарихилығына күмәнданудың қажеті жоқ, өйткені мұндай соғыс 1297 жылы Хулагид мемлекетінің ханы Газан ұлық ұлыспен, яғни қыпшақтармен соғыс жүргізген кезде болған. Қараман-батыр өз халқына келесі үндеу жасады:

Тілімді алсан, азамат,

Жаппарға жан аманат,

Қараспан тауыш жайлаған

Қалың қыпшақ елі бар,

Қобланды деген ері бар...

Мақұл көрсен, әлеумет,

Сөз айтамын шынымен,

Жүрейік соның жолымен! (Қобыланды батыр жыры, 2023)

Бұл жолдар Қобыланды-батырдың орасан зор беделін, сондай-ақ қыпшақтар мен ноғайлықтар тағдырының бірлігі, келісімі мен ортақтығын айғақтайды. Ал «қыпшақ», «ноғай», «қазақ» этнонимдері бір-бірімен тығыз байланысты және бір халыққа жататын этнонимдер болғанын анықтайды.

Қобыланды-батыр жаудан қорғау туралы өтінішін білдірген өз халқына, былайша жауап берді:

Ел-жұртынан айрылған

Ердің күйі бола ма,

Қара басын сақтаған

Ерде ерлік бола ма,

Өз табынан айырылып,

Батырдың бағы жана ма (Қобыланды батыр жыры, 2023).

Жоғарыда келтірілген жолдар қазақтардың өздерінің ортақ тағдырын, өз болашағы үшін ортақ жауапкершілігін, ұжымшылдықты, бауырластықты біріктіру қажеттілігін түсінуін көрсетеді. Сондай-ақ, олар қазақ халқының көшбасшылары-батырлардың жоғары адамгершілігі мен азаматтық ұстанымын айғақтайды. Осы мәліметтерді белгілі мемлекет қайраткер С.Сейфуллин Қобыланды батыр туралы, оның Тоқтамыс ханның Алтын Ордаға билік еткен заманындағы тоғыз ерінің бірі болғандығына назар аударатын зерттеуінде тоқталады: «Қобыланды батыр – тарихта болған адам. Орынбор архив комиссиясының мағлұматы бойынша, Елек қорғанынан Ойылға қарай жүретін қара жолдың үстінде «Қобыланды» деген бекет бар. Соның жанында «Қобыландының бейіті» дейтін бейіт бар дейді, – деп Қыдан тайшының баласын жоқтаған жырын келтіреді де, – ақырында Қобыландыны осы жырды айтқан кәрі ақын – Қыдан өлтірген дейді» деп ой қорытады (Тілепов, 2015).

Демек, батырлығына күмән жоқ, бір елдің санаулы қолбасыларының бірегейі саналып, үлкен эпостың басты қаһарманы ретінде белгілі Қобыландының Елек бойындағы зиратына дейін (Әуезов, 1991: 48) жүздеген жылдар бойы қастерлеумен келген халқының оның ерлігін ұмыта алмағаны деп білеміз. Әдебиеттегі тарихилық дегеннің, фольклордағы тарихилық дегеннің құдірет-күші негізінен осындай жерлерден көрінеді.

Қазақ хандығының бүгіні мен ертеңін көп ойлап, уайым жегендіктен *Асан қайғы* атанған (Халидұғлы, 1910; Марғұлан, 1985) Әз-Жәнібек, Керей хандармен бірге Әбілқайырға қарсы күрестің басында болған қарт жыраудың орны ерекше (Сүйіншәлиев, 1997; Тілепов, 2020: 23). Ол қазақ ел болып, есін жинап, халық болып, қауқарлы жұрт болу жолына салушы.

«Атадан алтау тудым деп,
асқынып жауап айтпаңыз.

Атамның малы көп-ті деп,
атты басқа тартпаңыз.

Есенінде, тіріңде – бір болыңыз бәріңіз...»,

– деген жыры – оның тарихта қамқоры, ұлт жанашыры болғанын көрсетеді. Сонымен қатар, кеңес дәуірінің ғылыми басылымдарының өздерінде жырау туралы ел аңыздарына сүйене келіп «Асанқайғы Жәнібек ханның тұсында жасаған қазақ поэзиясының бастаушысы, өлеңдерінде ақсүйек төрелерді әшкерелеп, хан билігінің күшейуі үшін күрескен саяси қайраткер ретінде сипатталады (Вяткин, 1941: 325; История Казахской ССР с древнейших времен, 1949: 163). М. Әуезов сөзімен айтқанда, бұл – XIII–XV ғасырлардағы қазақ руларының «Алтын орда, Қазан хандығы, Ноғайлы, Өзбек бірлігі сияқты хандықтардың бәріне де кірген, солармен бірге ыстығына күйіп, суығына тоңып ірі тарихи оқиғаларды бастарынан бірге кешіріскен» тұстары болған (Әуезов, 1984: 46). 1450-жылдарда Әбілқайыр ұлысындағы тартыс кезінде Керей, Жәнібек сұлтандарды жақтайды. 1456 жылы Шу алқабында Қазақ ордасы құрылған кезде Асан жаңа мемлекеттің ұраншысына айналады (Бес ғасыр жырлайды, 1989: 22).

Көлде жүрген қоңыр қаз

Қыр қадірін не білсін!

Қырда жүрген дуадақ

Су қадірін не білсін!

Ауылдағы жамандар

Ел қадірін не білсін!

Көшсе қона білмеген,

Ақылына көнбеген,

Жұрт қадірін не білсін! – деген жолдар Асан Қайғының қарапайым сананың тар көкжиегін жеңіп, мемлекеттің ұраншысы деңгейіне көтерілгенін көрсетеді. Асан Қайғының жырларының негізгі ұраны – қазақ елінің, жұртының тағдыры, татулығы мен біртұтастығы (Бес ғасыр жырлайды, 1989: 26).

Ұлттық сана қалыптасу жолында елге ұйытқы болған *Қазтуған жырау Сүйінішұлы* (XV ғасыр) мол мұра қалдырды. Оның артынан өмір, болмыс, туған ел туралы және әскери

тұрмысқа қатысты жырлар қалды. «Белгілі биік көк сеңгір» толғауында Қазтуған жырау батырларға тән қажыр-қайратын ұштап, намысын қайрап, елге дем беріп, рухтандыра түседі.

Белгілі биік көк сеңгір
Басынан қарға ұшырмас,
Ер қарауыл қарар деп,
Алыстан қара шалар деп;
Балдағы алтын құрыш болат
Ашылып шапса дем тартар,
Сусыным қанға қанар деп;
Арғымақтың баласы
Арыған сайын тың жортар,
Арқа мен қосым қалар деп;
Ақ дария толқын күшейтер,
Құйрығын күн шалмаған балығым
Ортамнан ойран салар деп;
Азамат ердің баласы
Жабыққанын білдірмес,

Жамандар мазақ қылар деп! – осылайша «Белгілі биік көк сеңгір» толғауында Қазтуған жырау батырларға тән қажыр-қайратын ұштап, намысын қайрап, елге дем беріп, рухтандыра түседі (Бес ғасыр жырлайды, 1989: 28–29).

Қазақ хандығы замандасы *Доспамбет жырау* – өз заманының көп оқып, көпті көрген, талай әскери жорыққа қатысқан жауынгер:

Қоғалы көлдер, ком сулар,
Қоныстар қонған өкінбес.
Арыстандай екі бұтын алшайтып,
Арғымақ мінген өкінбес...
Екі арыстан жау шапса,
Оқ қылқандай шаншылса.
Қан жусандай егілсе.
Аққан судай төгілсе,
Бетегелі сары арқаның бойында
Соғысып өлген өкінбес, – деп деп жырлаған (Тілепов, 2020: 57,58).
Шалкиіз Тіленшіұлы (XV – XVI ғасырлар)
Жебелей жебе жүгірген
Ерлердің арғымақтан игі малы болар ма;
Жағаласса, жыртылмас,
Ерлердің жеңсізден игі тоны болар ма;
Дулығалы бас кескен

Ерлердің алдаспаннан игі қолы болар ма?! – деген жолдары ұрпақтан ұрпаққа рухани тәлім-тәрбие беріп, талай замандар бойы тар жол, тайғақ кешуді ерлікпен бастан кешуге шақырған (Бес ғасыр жырлайды, 1989: 36).

Сонымен қатар, Марғасқа жырау (XVII ғасыр), Жиёмбет жырау (XVII ғасыр), Үмбетей жырау Тілеуұлы (1697–1786), Ақтамберді жырау Сарыұлы (1695–1788), Тәтіқара ақын (XVIII ғасыр), Көтеш Райымбекұлы (1745–1838), Шал ақын Құлекеұлы (1748–1819), Қобылан Бөрібайұлы (1760–1840), Абыл Тілеуұлы (1777–1864), Есет Қараұлы (1779–1869), Түбек Байқошқарұлы (1785–1860), Өске Торқаұлы (1788–1857), Махамбет Өтемісұлы (1803–1846), Шернияз Жарылғасұлы (1807–1867) сияқты жырау, ақын, батырлар ханды дәуірдің ұраншылары ел үшін күресіп, сол халықтың, сол мемлекеттің тұтастығына оның билеушісінен жаны кем ауырмаған, кейінгі ұрпақтарға рухани тәлім-тәрбие қалдырған мықты жандар. Олай болса, олардың мұрасындағы қазақ жұртының жеке ел болып қауымдасу, хандық құрылымды мемлекет болып қалыптасу кезеңдеріндегі тарихи тайталастарының ізі – тек сол дәуірдің, бір ортаның ел бастар, орда бұзар елеулі перзенттерінің өмірлерінің

хроникасы ғана емес, бұл түптеп келгенде қазақ этносының өмір жолы ретінде қымбат (Бес ғасыр жырлайды, 1989).

XIV–XVIII ғасырлардағы жыраулар ішінен *Бұқар жырау Қалқаманұлы* (1684-1782) бүгінгі таңдағы қазақтар үшін Асанқайғыдан кейінгі елге ең танымалысы. Хандық дәуірдегі қазақ қауымының хал-күйін бүкіл жан-дүниесімен жырлап өткен Бұқар жыршының мұрасы бірсыпыра ғалымдарымыздың еңбектерінде жан жақты зерттелініп келді (Әуезов, 1991; Сейфуллин, 2007; Мұқанов, 1942; Сәтбаева, 2000; Дербісәлин, 1990; Тілепов, 1995 және т.б.).

Шындап келгенде, С. Сейфуллин Бұқарды «Абылай ханның ақылгөйі» деген сөз оған берілген өте жоғары баға болатын. Ел билеген кемеңгер ханына ақылгөй атану, ол үлкен дана, кемеңгер кісіге берілетін баға. Осы орайда, М. Әуезов: «Бұқар жырау Абылайдың жанындағы уәзірі, заман күйін сынға алып, қорытынды айтып, бет нұсқайтын кемел ақылшысы. Абылай ханмен бірге қалың елге де өсиет айтады. Айтатын сөзінің барлығы да күнде қазақ елінің басына келіп тұрған саяси хал, тарихи дәуірге арналады. Ел билеген ұлықтың ішінен шыққан болғандықтан ақылының көбі елді бастап, билеп жүрген басшыларға, артынан ерген елге арналады», – деп айтқан (Әуезов, 1991: 77)

«...Алтыншы тілек тілеңіз,
Алпыс басты ақ орда,
Ардақтаған аяулың
Күнінде біреуге
Тегіннен-тегін олжа болмасқа.
Жетінші тілек тілеңіз,
Желкілдеген ту келіп,
Жер қайысқан қол келіп,

Сонан сасып тұрмасқа...», – деген жолдарында Бұқар жырау бүкіл ұлыстың, күллі қазақ елінің қамқоршы-ақылшысы болғандығын көруге болады (Бес ғасыр жырлайды, 1989: 82). Алайда, өмірінің соңғы кезеңінде Бұқар жай ғана арқалы жырау, ақылшы аға емес, мемлекет істеріне елеулі ықпал етіп отырған қабырғалы биге, өз заманының ұраншысына айналады (Бес ғасыр жырлайды, 1989: 81).

XVIII-ғасырда Қазақ хандары мен батырларының, билері мен саясаткерлерінің қазақ халқын жеңіске бастаған ұлы істерін өз көзімен көріп, жазып баяндаған *Шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлы*. Еңсегей бойлы ер Есім, Салқам Жәңгір, Тәуке, Жолбарыс, Әбілқайыр, Абылай хандардың ұлы істерін алға тартып, Қанжығалы Бөгембай, Қаракерей Қабанбай, Шапырашты Наурызбай батырлардың қазақ тәуелсіздігі үшін соғысында көрсеткен ерліктерін баяндайды. Сонымен қатар, қазақ халқының мемлекеттік заң жүйесін жасаған үш кемеңгер әз Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Кіші жүз Әйтеке билердің өзі куә болған қазақ елі үшін тынбай жасаған істерін баяндай отырып, Шапырашты Асыл Дәулет, Дулат Жанымс Құдайберді, Найман Тоқымтай, Арғын Темеш Нұрғожа, Суан Бөлек билерді де

суреттейді. «Қазақ-қалмақ шабыншылығында біздің жұртымыз жердің бетінен біржола жоғалып кету қаупі төнді. Оған енді көзіміз жетіп отыр десек те болады. Бізбен соғысамын, бізді құртамын, билеймін, илеймін деп жүріп, қалмақ өзі құрығанын білмей қалды. Ал керісінше осылай біздің де — қазақтың да — құрып кетуі әбден ықтимал болатын. Біз қазақтың өзінің даналығында айтылғандай, «дауға біріміз, жауға бәріміз» бардық. Бір жағадан бас шығардық, бір жеңнен қол шығардық» деп, хан мен қараның, үлкен мен кішінің берік сыйластығын қалыптастырған ұлттық дәстүрімізді мақтаныш ете отырып жазады (Тауасарұлы, 1993: 4, 366–379).

Қорытынды

Осылайша, фольклорлық дереккөздер, қазақ халқының мемлекеттік санасының қалыптасуы, өсуі туралы ғана емес, сонымен бірге адамдардың осы этносаяси ұйымға жататындығын түсінуден басталған ұлттың өзін-өзі тануының күрделі үдерістері туралы куәлік етеді. Фольклорлық дереккөздер қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан қоғамдық санасы этносаяси, ұлттық қауымдасуының, өзін-өзі халық ретінде қадірлеу сезімі мен елдік санасы бар екенін көрсетеді.

Өмір бойы қазақ халқы басқа этностармен өзара іс-қимыл жасай отырып, өзінің бейнесін, ұлттық ерекшеліктерін, шығу тегін, дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, мінез-құлық нормалары туралы идеясын, яғни «біз» дегенге қатысты санасын қалыптастырды. Қазақтардың «біз» дегені этникалық өзін-өзі тану, өзін-өзі сәйкестендіру, «біз» және «олар» ұғымдары арасындағы қарама-қайшылық, аумақтық және мемлекеттік тұтастық туралы идеяларды қамтыды. Осы тұрғыдан алғанда қазақтар біртұтас, тарихи қалыптасқан әлеуметтік-саяси ұйым ретінде қалыптасты. Нәтижесінде қазақтардың қоғамдық санасында ұлтты одан әрі дамыту, оның тұтастығы мен бірлігін сақтау үшін өмірлік маңызы бар, халық бірлігі мен ел тәуелсіздігі идеялары басым орын алды. Осылайша ұлттың саяси, дүниетанымдық, мәдени-адамгершілік ұстанымы қалыптасты. Қалыптасқан ұлттық ұстаным қазақ халқының ұлттық қадір-қасиет сезімін тәрбиелеп, қоршаған әлемді және ондағы өз орнын түсінуге, бірлікке ұмтылуымен және осы бірлікті жүзеге асыруда және бекітуде ерік-жігердің болуымен сипатталды. Бұл ұстанымдар қазақ халқының ішкі этносаяси қауымдасу, мемлекеттілікті күшейту, саяси жүйенің тұрақтылығы мен тепе-теңдігін, қоғамды біріктіру, ұлттың өмір сүруі үшін прогрессивті, өмірлік маңызы бар ішкі ұстанымдар болды.

Әдебиеттер тізімі

- Әуезов, 1980 — *Әуезов М.* Жиырма томдық шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы, 1980. Т.15. 424 б.
- Әуезов, 1991 — *Әуезов М.* Әдебиет тарихы. Алматы: Ана тілі, 1991. 202 б.
- Асфендияров, 1935 — *Асфендияров С.* Қазақ тарихының очерктері. Алматы: Қазақстан баспасы, 1935. 91 б.
- Асфендияров, Кунте, 1935 — *Асфендияров С., Кунте П.А.* Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Сб. 1 (5 век до н.э. – 18 в. н.э.). Алма-Ата – Москва: Каз.краев.изд., 1935. 297 с.
- Байғанин, 2012 — *Байғанин Н.* Үш томдық шығармалар жинағы. Алматы, «Қазығұрт» баспасы, 2012. Т. 2. 344 б.
- Бекмаханов, 1947 — *Бекмаханов Е.Б.* Казахстан в 20–40-е годы XIX в. Алма-Ата: Казак университеті, 1947. 400 с.
- Бес ғасыр жырлайды, 1989 — *Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық // Құрастырған М. Мағауин, Т. Байділдаев.* Алматы: Жазушы, 1989. Т. 1. 384 б.
- Вяткин, 1941 — *Вяткин М.П.* Очерки по истории Казахской ССР / Академия наук СССР, Институт истории и Казахстанский филиал. Москва: ОГИЗ: Госполитиздат, 1941. Т. 1: С древнейших времен по 1870 г. 1941. 367 с. // URL: <https://www.prlib.ru/item/356117>.
- Дербісәлин, 1990 — *Дербісәлин Ә.* Әдебиет туралы толғаныстар. Алматы, 1990. 255 б.
- История Казахской ССР с древнейших времен, 1949 — *История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней.* Второе издание исправленное и дополненное. Том 1. Под общей редакцией И.О. Омарова и А.М.Панкратовой. Алма-ата, 1949. 451 с.
- Қазақ халқының эпикалық әңгімелері, 2007 — *Қазақ халқының эпикалық әңгімелері (миф, легенда, ертегі-жыр, аңызды әңгімелер) туралы тарихи-әдебиеттік зерттеулер:* т.ғ.д. дисс. Алматы-Москва, 1946. // А.Х. Марғұлан шығармалары. Алматы: Алатау, 2007. III том. 488 б.
- Қобыланды батыр, 2023 — *Қобыланды батыр.* Жетітомдық. 1-том / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Матыжанов К., Қыдыр Т., Рақыш Ж. Алматы: Smart University Press, 2023. 547 б.
- Левшин, 1996 — *Левшин А.И.* Описание киргиз – казачьих, или киргиз – кайсацких, орд и степей // под общ. ред. М.К. Козыбаева. Алматы, 1996. 656 с.
- Марғұлан, 1985 — *Марғұлан Ә.Х.* Ежелгі жыр-аңыздар. Алматы: Жазушы, 1985. 368 б.
- Мұхаммед Хайдар Дулати, 2003 — *Мұхаммед Хайдар Дулати.* Тарих-и Рашиди, парсы тіліндегі қолжазба нұсқасынан тәржімалаған Ислам Жеменей. Жалпы ред. басқарған және алғысөзін жазған Әбсаттар Дербісәлі. Алматы: Тұран, 2003. 318 б.
- Сәтбаев, 1989 — *Сәтбаев Қ.* Ер Едіге. Кітап: Сатпаев К. И. Избранные статьи о науке и культуре. Алма-Ата: Наука, 1989. 440 с.
- Сәтбаев, 1989 — *Сәтбаев Қ.И.* Ғылым және мәдениет туралы таңдамалы мақалалары, Алматы, 1989. 440 б.
- Сәтбаева, 2000 — *Сәтбаева Ш.Қ.* Уақыт шуағы. Алматы: Ғылым, 2000. 656 б.
- Сейфуллин, 2007 — *Сейфуллин С.* Көп томдық шығармалар жинағы. 7-том. – Алматы: Қазығұрт, 2007.
- Сүйіншіәлиев, 1997 — *Сүйіншіәлиев Х.* Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы: Санат, 1997. 247 б.
- Тауасарұлы, 1993 — *Тауасарұлы Қазыбек бек Түп-түқияннан өзіме шейін:* Басп.дайындаған Б. Қыдырбекұлы. Алматы: Жалын, 1993. 416 б.
- Тынышпаев, 1993 — *Тынышпаев М.* История казахского народа. Алма-Ата: Қазақ университеті, 1993. 224 с.
- Тілепов, 1995 — *Тілепов Ж.* Елім деп еңіреген ерлер жыры. Алматы, 1995.
- Тілепов, 2015 — *Тілепов Ж.* Қазақ хандығындағы жыраулар мұрасы, 2015. // URL: <https://kazgazeta.kz/news/31989>
- Тілепов, 2020 — *Тілепов Ж.* Қазақ халқының хандық дәуір әдебиеті: оқу құралы. Стер. бас. Алматы: «Қазақ университеті», 2020. 220 б.
- Уәлиханов, 2010 — *Уәлиханов Ш.Ш.* Көп томдық шығармалар жинағы. Т. 1. Алматы: Толағай групп, 2010. 376 б.
- Халидұғлы, 1910 — *Халидұғлы Қ.* Тауарих хамса. Қазан, 1910. 222 б.

References

- Asfendiarov, 1935 — *Asfendiarov S.* Kazakh tarikhyn ocherkteri [Essays on Kazakh history]. Almaty: Kazakhstan baspasy, 1935. 91 p. (In Kaz.).
- Asfendiarov, Kunte, 1935 — *Asfendiyarov S., Kunte P.A.* Proshloye Kazakhstana v istochnikakh i materialakh [The past of Kazakhstan in sources and materials]. Sb. 1 (5 vek do n.e. – 18 v. n.e.). Alma-Ata; Moskva: Kaz.krayev.izd., 1935. 297 p. (In Russ.).
- Auezov, 1980 — *Auezov M.* Zhiirma tomдық shygarmalar zhinagy [Collection of works in twenty volumes]. Almaty: Jazwsi, 1980. Vol. 15. 424 p. (In Kaz.).
- Auezov, 1991 — *Auezov M.* Adebiet tarihy [History of literature]. Almaty: Ana tili, 1991. 202 p. (In Kaz.).
- Babalar sezi, 2006 — *Babalar sozi: Zhuz tomдық* [The word of ancestors: one hundred volumes]. Astana: «Foliant», 2006. Vol. 35: Batyrlar zhyry. 392 p. (In Kaz.).
- Bayganin, 2012 — *Bayganin N.* Ush tomдық shygarmalar zhinagy [Collection of works in three volumes]. Almaty, «Qazygurt» baspasy, 2012. T.2. 344 p. (In Kaz.).
- Bekmakhanov, 1947 — *Bekmakhanov E.B.* Kazakhstan v 20–40-e gody XIX v. [Kazakhstan in the 20–40s of the XIX century]. Alma-Ata: Kazak yniuersiteti, 1947. 400 p. (In Russ.).
- Bes gasir jirlyaydi, 1989 — *Bes gasyr zhyrlyaydy: 2 tomдық // Qurastirgan M. Magawin.* Vol. Baydildaev. Almaty: Zhazuschy, 1989. T.1. 384 p. (In Kaz.).
- Derbisalin, 1990 — *Derbisalin A.* Adebiet turaly tolganystar [Reflections on literature]. Almaty, 1990. 255 p. (In Kaz.).
- Istoriya Kazakhskoy SSR s drevneyshikh vremen, 1949 — *Istoriya Kazakhskoy SSR s drevneyshikh vremen* do nashikh dney [The history of the Kazakh USSR from ancient times to the present day]. Vtoroye izdaniye ispravlennoye i dopolnennoye. Tom 1. Pod obshchey redaktsiyey I.O. Omarova i A.M.Pankratovoy. Alma-ata, 1949. 451 p. (In Russ.).
- Khalidugly, 1910 — *Khalidugly K.* Tauarikh Khamsa [Tawarih Hamsa]. Kazan, 1910. 222 p. (In Kaz.).
- Kobylandy batyr, 2023 — *Kobylandy batyr* [Kobylandy batyr]. Zheti tomдық. 1-tom Tomdy kurastyryp, baspaga dayyndagandar: Matyzhanov K., Kydyr T., Rakysh ZH. Almaty: Smart University Press, 2023. 547 p. (In Kaz.).
- Levshin, 1996 — *Levshin A.I.* Opisaniye kirgiz – kazachikh, ili kirgiz – kaysatskikh, ord i stepey [Description of the Kirghiz – Cossack, or Kirghiz – Kaysak, hordes and steppes] // pod obshch. red. M. K. Kozybayeva. Almaty, 1996. 656 p. (In Russ.).
- Margulan, 1985 — *Margulan A.Kh.* Yezhelgi zhyr-anyzdar [Ancient Psalms-legends]. Almaty: Zhazushy, 1985. 368 p. (In Kaz.).
- Margulan, 2007 — *Margulan A.Kh.* «Kazakh khalkynyn epikalyk angimeleri turaly tarikhi-adebiettik zertteuler» [«Historical and literary research on the epic stories of the Kazakh people (myths, legends, fairy tales, legendary stories)»]: f.g.d. diss. Alma-Ata–Moskva, 1946. // A.Kh. Margulan shygarmalary. Almaty: Alatau, 2007. III tom. 488 p. (In Kaz.).
- Muxammed Xaydar Dulati Tarix-i Rashidi, 2003 — *Muxammed Xaydar Dulati Tarix-i Rashidi* [Tarikh-i Rashidi], parsı tilindegi qolzhazba nusqasman tarjimalagan Islam Jemeney. Zhalpy red. basqargan zhane algysozin jazgan Absattar Derbisali. Almaty: Turan, 2003. 318 p. (In Kaz.).
- Satbayev, 1989 — *Satbayev K.* Er Edige. Kitap: Satpayev K. I. Izbrannyye stat'i o nauke i kul'ture. Er Yedige. Book: Satpaev K.I. Selected articles on science and culture. Alma-Ata: Nauka, 1989. 440 p. (In Kaz.).
- Satbayev, 1989 — *Satbayev K.I.* Gylym zhane madeniet turaly tandamaly makalalary [Selected articles on science and culture]. Almaty: Gylym, 1989. 356 p. (In Kaz.).
- Satbayeva, 2000 — *Satbayeva Sh.K.* Uakyt shuagy [The sun of time]. Almaty: Gylym, 2000. 656 p. (In Kaz.).
- Seyfullin, 2007 — *Seyfullin S.* Kop tomдық shygarmalar zhinagy [Multi-volume collection of works]. 7-tom. Almaty: Kazygurt, 2007. 413 p. (In Kaz.).
- Suyinshyliyev, 1997 — *Suyinshyliyev Kh.* Kazakh adebiyatinin tarikhy [History of Kazakh literature]. Almaty: Sanat, 1997. 247 p. (In Kaz.).
- Tauasaruly, 1993 — *Tauasaruly Kazybek bek* Tup-tukiyannan ozime sheyin [Obedient to myself from birth]: Basp.dayyndagan B. Kydyrbekuly. Almaty: Zhalyn, 1993. 416 p. (In Kaz.).
- Tynyshpayev, 1993 — *Tynyshpayev M.* Istoriya kazakhskogo naroda [History of the Kazakh people]. Alma-Ata: Kazak universiteti, 1993. 224 p. (In Russ.).
- Tilepov, 1995 — *Tilepov Zh.* Yelim dep yeniregen yerler zhyry [Songs of men who moan about their country]. Almaty: Bilim, 1995. 189 p. (In Kaz.).
- Tilepov, 2015 — *Tilepov Zh.* Kazak khandygyndagy zhyraular murasy [Heritage of zhyrau in the Kazakh Khanate] // URL: <https://kazgazeta.kz/news/31989> (In Kaz.).
- Tilepov, 2020 — *Tilepov Zh.* Kazak khalkynyn khandyk dauir adebiati [Literature of the Khanate era of the Kazakh people]. Almaty: «Kazakh universiteti», 2020. 220 p. (In Kaz.).
- Ualikhanov, 2010 — *Ualikhanov Sh.Sh.* Kop tomдық shygarmalar zhinagy [Collection of multi-volume works]. Vol. 1. Almaty: Tolagaj grupp, 2010. 376 p. (In Kaz.).
- Vyatkin, 1941 — *Vyatkin M.P.* Ocherki po istorii Kazakhskoy SSR [Essays on the history of the Kazakh USSR] / Akademiya nauk SSSR, Institut istorii Kazakhstanskiy filial. Moskva: OGIZ: Gospolitizdat, 1941. Vol. 1: S drevneyshikh vremen po 1870 g. 1941. 367 p. URL: <https://www.prlib.ru/item/356117>. (In Russ.).


ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY


Published in the Republic of Kazakhstan
 Electronic scientific journal “edu.e-history.kz”
 Has been issued as a journal since 2014
 ISSN 2710-3994.
 Vol. 11. Is. 4, pp. 840-853, 2024
 Journal homepage: <https://edu.e-history.kz>


FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2024_11_4_840-853

SOCIO-POLITICAL ACTIVITY OF THE JADIDIST MOVEMENT IN KAZAKHSTAN AT THE BEGINNING OF THE TWENTIETH CENTURY

Gauhar Batyrbekkyzy^{1*}, *Sayan T. Shylmambetov*², *Aidana M. Idrisova*³

¹South Kazakhstan University named after M. Auezov
 (5, Tauke Khan Aven., 160012 Shymkent, Republic of Kazakhstan)
 PhD, associate professor
 <https://orcid.org/0000-0003-1356-7770>. Email: goha_batyr@mail.ru
 *Corresponding author

²Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
 (29, Bekzat Sattarkhanov Aven., 161200 Turkistan, Republic of Kazakhstan)
 PhD, associate professor
 <https://orcid.org/0009-0002-7147-6332>. Email: sayanbaldisu@mail.ru

³Abai Kazakh National Pedagogical University
 (13, Dostyk Aven., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)
 Doctoral Student at Abai Kazakh National Pedagogical University
 <https://orcid.org/0009-0008-9006-1793>. Email: idrissovaaidana@gmail.com

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2024

© Batyrbekkyzy G., Shylmambetov S., Idrisova A., 2024

Abstract. *Introduction.* The article discusses the history of the formation of Jadite schools, widespread in Kazakhstan at the beginning of the twentieth century, and the policy of the Tsarist government against the Jadite direction. A review of the works and views of representatives of Jadite schools, recognized as a socio-political active group at the beginning of the twentieth century, will consider the features of the Jadite direction in Kazakhstan and the conditions of social society as a whole. *Purpose and objectives of the study.* Disclosure and analysis of the socio-political nature of the Jadite trend that has developed in Kazakhstan and the political views of the Kazakh jadites in the context of the national religion. Analysis of the socio-political role of the zhadite direction in Kazakhstan based on the works of scientists who studied that period. *Results.* In comparison with other regions (Tatarstan, Uzbekistan), the socio-practical formation of the existing zhaditic direction in Kazakhstan has its own characteristics. The conditions of domestic life of the Kazakh people, based on nomadic farming, were not similar to the conditions of life of sedentary peoples. The zhadite movement continued its path to the Kazakh steppe from the level of schools opened for the educational purposes of Tatar mullahs, becoming an influential force in the socio-political direction, pursuing national interests. After the formation and establishment of Jadite schools, a group was formed that looked at the national religion from the point of view. Of course, the views of such a group of conscientious enlighteners were clearly not to the liking of the Tsarist government. He tried to attract the most attention of the enlightened people who received a Jadite education. Nevertheless,

representatives of the Jadite direction were very active in the socio-political direction. *Conclusion.* The actions of representatives of the Jadite school, which developed in the midst of socio-political life at the beginning of the twentieth century in Kazakhstan, after the establishment of Soviet power, did not become very active. However, the Jadite direction, which was born in order to penetrate the roots of national interests and Turkism, did not disappear forever. Just as there was no change in the policy of the Tsarist government and the Soviet system to the colonized peoples, the jaditic course in Kazakhstan continued to operate in the framework of spirituality after the establishment of the Soviet system.

Keywords: Jadit, usul-I-jadit, Aikap, modern, jaditism, Muslim, jadit Schools, National intelligentsia, petition, Muslim congresses

Acknowledgments. The article was prepared as part of the implementation of the targeted funding program of the Science Committee of the Ministry of Science and higher education of the Republic of Kazakhstan (grant ИРН BR 18574180 “History and creative heritage of the Alash intellectual elite of the late XIX – first half of XX centuries”).

For citation: Batyrbekkyzy G., Shylmambetov S., Idrissova A. Socio-political activity of the jadit direction in Kazakhstan at the beginning of the XX century // Electronic scientific journal “edu.e-history.kz”. 2024. Vol. 11. No. 4. Pp. 840-853. (In Kaz.).

DOI: 10.51943/2710-3994_2024_11_4_840-853

ҚАЗАҚСТАНДА ХХ ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ЖӘДИТШІЛІК БАҒЫТТЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ БЕЛСЕНДІЛІГІ


Гауһар Батырбекқызы^{1*}, Саян Т. Шылмамбетов², Айдана М. Идрисова³

¹М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті
(5-үй, Тәуке хан даңғ., 160012 Шымкент, Қазақстан Республикасы)
PhD., доцент міндетін атқарушы


 <https://orcid.org/0000-0003-1356-7770>. Email: goha_batyr@mail.ru

*Автор корреспондент

²Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(29-үй, Бекзат Саттарханов даңғ., 161200 Түркістан, Қазақстан Республикасы)
PhD, доцент міндетін атқарушы

 <https://orcid.org/0009-0002-7147-6332>. Email: sayanbaldisu@mail.ru

³Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
(13-үй, Достық даңғ., 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің докторанты

 <https://orcid.org/0009-0008-9006-1793>. Email: idrissovaaidana@gmail.com

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2024

© Батырбекқызы Г., Шылмамбетов С., Идрисова А., 2024

Аңдатпа. *Kipicne.* Мақалада ХХ ғасыр басында Қазақстанда кеңінен таралған жәдиттік мектептердің қалыптасуы мен патша үкіметінің жәдиттік бағытқа қарсы ұстанған саясатының тарихы қарастырылады. ХХ ғасыр басындағы әлеуметтік-саяси белсенді топ ретінде танылған жәдит мектептері өкілдерінің еңбектері мен көзқарастарына шолу жасай отырып, Қазақстандағы жәдиттік бағыттың ерекшеліктері мен әлеуметтік қоғамның шарттары тұтас қарастырылатын болады. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.* Қазақстанда қалыптасқан жәдиттік бағыттың әлеуметтік-саяси сипатын және қазақ жәдиттерінің ұлттық мүдде тұрғысындағы ұстанған саяси көзқарастарын ашып көрсету және талдау. Сол кезеңді зерттеген ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып жәдиттік бағыттың Қазақстандағы әлеуметтік-саяси ролін сараптау. *Нәтижелер.* Қазақстанда қалыптасқан жәдиттік бағыттың

әлеуметтік-практикалық тұрғыдағы қалыптасуын өзге аймақтармен (Татарстан, Өзбекстан) салыстырғанда өзіндік ерекшеліктері бар болды. Қазақ халқының көшпелі шаруашылыққа негізделген тұрмыстық өмір шарттары, отырықшы халықтардың өмір шарттарына ұқсамады. Жәдиттік қозғалыс қазақ даласына татар молдалардың білім беру мақсатындағы ашылған мектеп деңгейінен, ұлттық мүддені көздейтін әлеуметтік-саяси бағыттағы ықпалды күшке айналу жолын жалғастыра берді. Жәдиттік мектептер қалыптасып орнығып алған соң, ұлттық мүдде тұрғысынан қарайтын топ қалыптасты. Әрине, бұндай саналы ағартушылар тобының көзқарастары патша үкіметіне ұнай қоймасы анық еді. Жәдиттік бағыттағы білім алған ағартушыларды барынша назарда ұстауға тырысты. Соған қарамастан, жәдиттік бағыт өкілдері әлеуметтік-саяси бағытта өте белсенді болды. *Қорытынды.* Қазақстандағы ХХ ғасыр басындағы әлеуметтік-саяси өмірдің қайнаған ортасында қалыптасқан жәдиттік мектеп өкілдерінің әрекеттері, кеңестік билік орнағаннан кейін аса белсенді бола алмады. Алайда, ұлттық мүдде мен түрікшілдік тамырдың түбіне бойлау мақсатында өмірге келген жәдиттік бағыт түбегейлі жойылып кетпеді. Патшалық үкімет пен кеңестік жүйе саясатының отарланған халықтарға жүргізген саясатында өзгеріс болмағаны секілді, Қазақстандағы жәдиттік бағыт кеңестік жүйе орнағаннан кейінде, әлеуметтік-саяси белсенділігін руханият аясында жалғастыра берді.

Түйін сөздер: Жәдит, усул-и жәдит, Айқап, модерн, жәдитшілдік, мұсылман, жәдиттік мектептер, ұлттық интеллигенция, петиция, мұсылман съездері, патша үкіметі

Алғыс. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетінің нысаналы қаржыландыру бағдарламасын іске асыру шеңберінде дайындалды («ХІХ ғасырдың аяғы – ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы Алаш зияткерлік элитасының тарихы мен шығармашылық мұрасы» грант ИРН BR 18574180).

Дәйексөз үшін: Батырбекқызы Г., Шылмамбетов С., Идрисова А. Қазақстанда ХХ ғасыр басындағы жәдитшілік бағыттың әлеуметтік-саяси белсенділігі // «Edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы. 2024. Т. 11. № 4. 840-853 бб. (Қазақш.).


DOI: 10.51943/2710-3994_2024_11_4_840-853

СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ АКТИВНОСТЬ ДЖАДИДИСТСКОГО НАПРАВЛЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ В НАЧАЛЕ ХХ ВЕКА

Гауһар Батырбекқызы^{1*}, Саян Т. Шылмамбетов², Айдана М. Идрисова³

¹Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова
(д. 5, просп. Тауке Хана, 160012 Шымкент, Республика Казахстан)


PhD, исполняющий обязанности доцента

 <https://orcid.org/0000-0003-1356-7770>. Email: goha_batyr@mail.ru

*Автор-корреспондент

²Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмета Ясави
(д. 29, просп. Бекзата Саттарханова, 161200 Туркестан, Республика Казахстан)

PhD, исполняющий обязанности доцента

 <https://orcid.org/0009-0002-7147-6332>. Email: sayanbaldisu@mail.ru

³Казахский национальный педагогический университет имени Абая
(д. 13, просп. Достык, 050010 Алматы, Республика Казахстан)

Докторант

 <https://orcid.org/0009-0008-9006-1793>. Email: idrissovaaidana@gmail.com

© ИИЭ имени Ч.Ч. Уалиханова, 2024

© Батырбекқызы Г., Шылмамбетов С., Идрисова А., 2024

Аннотация. *Введение.* В статье рассматривается история становления широко распространенных в Казахстане джадитских школ в начале XX века и политики царского правительства против джадитского курса. Рассматривая труды и взгляды представителей джадитских школ, признанных социально-политически активной группой начала XX века, в целом будут рассмотрены особенности джадитского направления и условия социального общества в Казахстане. *Цель и задачи исследования.* Раскрыть и проанализировать социально-политический характер сложившегося в Казахстане джадитского направления и политические взгляды казахских джадитов на национальный дух. Анализ социально-политической роли джадийского направления в Казахстане на основе трудов ученых, изучавших этот период. *Результаты.* Сложившийся в Казахстане джадитский маршрут имеет свои особенности в социально-практическом плане по сравнению с другими регионами (Татарстан, Узбекистан). Бытовые условия жизни казахского народа, основанные на кочевом хозяйстве, не напоминали условия жизни оседлых народов. Джадидистское движение продолжило путь в казахскую степь, став влиятельной силой социально-политической направленности, преследующей национальные интересы, с уровня школы, открытой татарскими муллами в образовательных целях. После того, как были сформированы и закреплены джадитские школы, сформировалась группа, рассматриваемая с точки зрения Национального фонда. Конечно, взгляды такой сознательной группы просвещенных людей явно нравились царскому правительству. Педагоги, получившие образование в религиозной направленности, старались быть максимально внимательными. Тем не менее, представители джадитского направления были очень активны в социально-политическом направлении. *Вывод.* Действия представителей джадитской школы, сложившейся в разгар социально-политической жизни начала XX века в Казахстане, после установления советской власти не стали более активными. Однако, джадитский курс, в котором национальные интересы и туркизм воплотились в корне, не исчез навсегда. Подобно тому, как политика царского правительства и советской системы не претерпела изменений в политике, проводимой колонизированными народами, религиозный курс в Казахстане продолжался в контексте духовности социально-политической активности после установления советской системы.

Ключевые слова: Джадид, усул-и-джадид, Айкап, модерн, джадидизм, мусульманская джадидская школа, национальная интеллигенция, петиция, мусульманские съезды, царское правительство

Благодарность. Статья подготовлена в рамках реализации программы целевого финансирования Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (грант ИРН BR 18574180 «История и творческое наследие интеллектуальной элиты Алаш конца XIX – первой половины XX века»).

Для цитирования: Батырбекқызы Г., Шилмамбетов С., Идрисова А. Қазақстанда XX ғасыр басындағы жәдитшілік бағыттың әлеуметтік-саяси белсенділігі // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz». 2024. Т. 11. № 4. С. 840-853. (На Каз.).

DOI: 10.51943/2710-3994_2024_11_4_840-853

Кіріспе

1917 жылға дейінгі социалистік тоталитарлық жүйе орнағанша, Қазақстан аумағында әлеуметтік-ағартушылық бағытта белсенді қызмет жүргізген жәдиттік мектептер шоғыры қалыптасты. Жәдиттік мектептер даму бағыты айқын ұлттық ұстанымы бар ағартушылық қозғалыс бола білді. Жәдиттік мектептер қазақ даласының саяси және әлеуметтік өмірінің барлық саласында бой көрсете бастаған еді. Жәдиттік мектептердің қанатын кеңге жаюына ықпал еткен негізгі факторлардың бірі 1904–1905 жылдарындағы Орыс-Жапон соғысындағы Патшалық Ресей үкіметінің жеңіліске ұшырып, Николай II патша 1905 жылы 17 қазан айында мәжбүрлі түрде Ресей аумағындағы халықтарға ашықтық пен жариялық еркіндігін қабылдаған манифест жариялауы еді. Осы манифест негізінде, өкілетті орган Мемлекеттік Думаның ашылуына байланысты Ресей аумағында жаңа конституциялық кезең басталды

(Kurat, 1993: 384). Бұл қалыптасқан ахуал Қазақстанда жәдиттік қозғалыстың еркін тыныстауына мүмкіндік берді. Осылайша Ресей аумағындағы айтулы өзгерістерді, тарихи мүмкіндік ретінде бағалаған жәдиттік мектептер кеңінен тарала бастады. Тарихи құжаттарды зерделей отырып, жәдиттік мектептер жайында «Бұхара жәдитшілігі» және «Түркістан жәдитшілігі» сонымен қатар «Ресейдегі жәдитшілік» болып термин қалыптастырған сөз тіркестерін көптеп кездестіреміз. Жәдит сөзінің төркіні жаңашылдықтан бастау алғанымен, этимологиялық тар шеңберінде қалмағанын географиялық таралу аймағына сәйкес саяси жағдайларға бейімделіп ұлттық құндылықтарға сай ерекшеленгенін байқауымызға болады.

Кеңестік жүйе тарих сахнасына шыққан кезеңге дейін жәдиттік бағыт өкілдері әлеуметтік саясат пен ұлттық мүдде тұрғысында аса белсенді әрекеттерімен тарихта қалды. Кеңестік билік мықтап орнығып алғаннан кейін, жәдиттік бағытты қолдаушыларға алғашқы сатысында жасырын түрде жүргізген саясатын, ашық әрі қатаң түрде жүзеге асыруға тырысты.

Бұл зерттеу мақаласында жәдит сөзінің этимологиясының тарихына тоқталумен қатар, ХХ ғасыр басындағы жәдиттік мектеп өкілдерінің әлеуметтік-саяси белсенділігінің сипатын ашуға, жәдиттік бағыттың түрікшілдік бағытпен біте-қайнасқан тұстарына назар аударылып, ұлттық жолды айқындаудағы жәдиттік қозғалыстың маңыздылығына жауап ізделеді. Сондықтан да зерттеудің негізгі мақсаты-отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектерінің сабақтастығын сақтай отырып, жәдиттік бағыттың Қазақстандағы қалыптасу ерекшеліктері мен әлеуметтік-саяси белсенділігін тұтастай қарастыру. Сонымен қатар, Қазақстандағы жәдиттік бағыттың қалыптасуына Патшалық Ресейдің саяси ұстанымының қай бағытта жүргізілгенін сараптау зерттеудің негізгі мақсат-міндетіне кіреді.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің негізгі материалдық қоры отандық және шет елдік зерттеушілердің еңбектеріндегі жәдиттік бағыттағы жазбаларын сараптау арқылы жиналды. Зерттеу барысында, салыстырмалы талдау әдісі қолданылып, соған байланысты ХХ ғасырдың алғашқы ширегіндегі Қазақстандағы жәдиттік бағытта білім беретін мектептердің қоғам өмірінің тыныс тіршілігіне әлеуметтік-саяси тұрғыда ықпалы зор болғандығын, қазақ қоғамы үшін белгілі бір деңгейде саяси сананың жаңаланып даму үрдістеріне ықпал еткендігі нақтыланды. Қазақстандағы жәдиттік қозғалысты зерттеген зерттеушілердің еңбектері пайдаланылды. Атап айтқанда, А. Andican «Ceditizm'den bağımsızlığa hariçte: Türkistan mücadelesi» İstanbul, 2003 және В. Kasimov «Milli uyanış». AKDTYK Atatürk Kültür Merkezi. 2009 еңбегімен қатар, отандық ғалым М. Эгамбердиев, ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басындағы түркістандағы жәдит мектептері. Journal of Oriental Studies, 2009. 49(4) мақаласы және S. Kovalskaya, 2002 – Kazakistan'da Ceditçilik. Türkler Ansiklopedisi, Çev. Babavatan, N. Türkler, XVIII (2002) 644–651 және батыстық зерттеушілер М.В. Olcott «The Kazakhs. Stanford, Hoover Institution Press», 1987 тағыда А. Bökeyhan, Tandamalı. Haz. Nurgaliyev R.N. Almatı, 1995. Сонымен қатар, М. Seralin. «Ornu Tolmastay Ölüm», Аукар, No. 17 (1914) секілді мерзімді басылымдар мен іргелі зерттеу еңбектері қолданылғанын айта кету керек. Әр түрлі тілде жарияланған еңбектердің мәтіндеріне талдау жасай отырып, салыстырмалы анализ жасау әдісі қолданылды. Зерттеу жұмысында объективтілік қағидасы басты орынға қойылғандықтан Қазақстандағы жәдиттік бағыттың қалыптасуы мен әлеуметтік-саяси белсенділігін ашып көрсетуге мүмкіндік жасайтын болады.

Талқылау

Мақаланы зерттеу барысында бірнеше тілде жарияланған зерттеушілердің еңбектеріне назар аударылды. Қолданылған зерттеулерді батыстық, Түркиялық, Ресейлік және Отандық деп бөліп көрсетуге болады. Мысалы Түркиялық зерттеушілер жәдиттік мектептер мен қозғалыс жайлы біржақты пікірлерін ортаға салады. Мәселен, Мустафа Эргүн жәдитшілдік қозғалысқа байланысты мынандай пікірін жазған: «Қазақстан медреселердің қысымынан азат, ХІХ ғасырдан бері балаларын орыс мектептеріне еркін жібере алатын, орыс университеттерінде білім алған Мұстафа Шоқай секілді интеллектуалдары бар аймақ еді.

Бұл аймақ мұсылмандар арасында мәдени реформаға қол жеткізгеннен гөрі, Ресей типіндегі саяси өзгерістерді талқылады. 20 ғасырдың басында орыс мектептері қазақ мектептеріне қарағанда әлдеқайда көп болды» (Mustafa, 2006: 116). Түркиялық авторлардың осы іспетті ойларының қате тараптары бар екенін зерттеу жұмысында ашуға тырыстық. Олардың басым бөлігі мұрағат құжаттарына қол жеткізе алмай, кезінде эмиграцияға ұшыраған қайраткерлердің еңбектерімен шектелген. Қазақ даласында орыс мектептерінің санының көп болуы мен білім беру сапасының ескішіл медреселерге қарағанда сапалы тұстарының болуын жоққа шығармаймыз. Біз мақалада жәдиттік бағыттағы медреселердің жаңа сапаға көтерілу барысында орыс мектептерінің қарсысында тұра алатын күш ретінде қалыптасқанын нақтылаймыз. Түркістан губернаторы болған А.В. Самсонов мұсылман мектептерде «фанаттық көзқарастағы молдалар, білім алушыларға біздің жүргізіп отырған мемлекеттік саясатымызды нақты түсіндірудің орнына, орыс халқы мен билігіне қарсы жеккөрушілік сезімдерін сіңіре отырып, қайдағы жоқ бір қиялдағы «ұлы мұсылман мемлекеті» жайлы уағыздар айтып, халықты бірігуге шақырады» деген (Пален, 676.) А.В. Самсоновтың бұл пікірі Ресей империясының нақты саясатының астарын ашып көрсететін мақсатының түп негізі деуге болады. Ресей империясы бақылауды барынша күшейтіп жағдайды өз қолында ұстауға тырысты. Алайда бұл оңай жүзеге асырыла қоймағаны белгілі. Американдық зерттеуші Э. Сокол патшалық биліктің Түркістандағы «байырғы діни мектептерге мемлекеттік бақылауды күшейткеннен кейін жастар арасында орыстарға деген қарсылық белең алды» деген ойды білдіреді» (Sokol, 1954: 2086.). Мәселенің мәнін терең ұғынған Ресей империясы саясатын өте сақ жүргізу жағын қарастырды. Осыған орай тарихшы А. Әбдәкімов, Қазақстанның Ресейге қосылуы нәтижесінде патша үкіметінің жүргізген саясаты барлық мүмкіншіліктерді «орыстандыру» арқылы, мектептер ашып, араб жазуын кириллицаға ауыстыру науқанын шеберлікпен атқарды деген ойы мәселені нақты ашады (Абдакимов, 1994: 2356.).

Бұл зерттеу мақаламызда Қазақстан жерінде жәдиттік мектептердің қалыптасуы мен әлеуметтік-саяси белсенділігі жөнінде нақты деректер келтірілген еңбектерді кеңінен қолдандық.

Нәтижелер

Қазақстан аумағы ХХ ғасырдың басында біртұтас басқару жүйесінде емес, бытыраңқы басқару жағдайындағы үш генерал-губернаторлық аясында басқарылып отырды. Соған қарамастан ел ішіндегі ұлттық тұтастыққа ұмтылыс жәдиттік қозғалыстың аясында жұмысын жалғастыра берді. Қазақстан даласындағы татар молдалардың мектептік деңгейінен көтерілген жәдиттік әрекет, саяси ықпалды күшке айналу бағытынан таймады. Жәдиттер шоғыры қалыптаса бастаған соң, өз ұстанымдарын ұлттық шеңбердің аясында талап ете алатын буын қалыптасып бекіді. Осы орайда, жәдитшілдік бағыттың бастауында тұрған «жәдит» сөзінің этимологиясына тоқталып мәнін ашудың маңызы бар.

«Жәдит» сөзінің мағынасы «жаңа» дегенге саяды. Бұл сөзді, тек жаңа деген сөздің тар мағынасына ғана емес, «жаңашыл адам», «жаңаша толғаныс» сияқты терең мағыналарды бойына сыйдырған термин ретінде қарастыруға болады. Бұл терминнің пайда болып ортаға шығу тарихы Исмайл Гаспиринскийдің ашқан жаңа мектептің атымен тығыз байланысты болып табылады. И.Гаспиринский 1884 жылы Бақшасарайда бір мектепке «усул-и жәдит» (усул-жәдит-арабша «жаңа әдіс») атын берген (Kasimov, 2009: 2). Сол сәттен бастап бұл термин тек мектептермен шектелмей, қоғамның әлеуметтік-саяси ортасына кеңінен танымалдыққа ие бола бастады. Абдулла Абланидың естеліктерінде, ол кезеңде (1894–1904 жылдарын негізге алады) жергілікті халық арасында ескі мен жаңаның тартысы ортаға шығып, атап айтқанда молдалар, газет оқығандарды «жәдитші» деп атай бастаған делінеді (Ablani, 1998: 288).

Алайда, «жәдит» терминінің алғаш рет кімнің тарапынан қолданысқа түскендігін нақ кесіп айту қиын. Бегалы Қасымовтың «Ұлттық ояну» атты кітабында мынадай деректер келтірілген. «Жәдит термині алғаш рет Түркия түркітерінде Сұлтан Селим ІІ тұсында

(1789–1802) ортаға шыққан. Австрияға елші ретінде жіберілген Әбу Бекир Ратиб мырза, патшаға жазған хаттарында ол жерде көрген басқару үрдістерін «Nizam-ı Cedî» деп атаған. Сондай-ақ, 1789 жылындағы Француз төңкерісінен кейінгі ортаға шыққан жаңа жүйені «Fransa Nizam-ı Cedî» деп атауды бастаған екен. «Nizam-ı Cedî» сөзі тар мағынада әскери жүйені европандандыру болса, кең мағынада ғылым мен өнердің жаңалану негіздері болып табылады. Жәдит пен кадим сөздері соңғы ғасырларда ортаға шықсада, бәрібір ескі мен жаңа, даму мен артта қалу тұрғысындағы ескі тартыстар болып қалады» деген мәліметтер баяндалған (Қасымов, 2009: 5). «Жәдит» терминінің түбіріне тарихи шолу жасағанда, жоғарыда атап өткен деректер жол сілтеуші бағыт болып нақтыланып тұрады деп айтуға толықтай негіз бар деп есептейміз.

Исмайл Гаспиринскийдің «Тілде, Пікірде, Істе бірлік» ұраны негізінде, жәдитшілік панславизмге қарсы, түркі дүниесін бірлігін мақсат тұтқан бір ағым деңгейіне айналды. Патшалық Ресейдің бүкіл мұсылман түркілердің болмысын тұқыртатын жаңа бір саясат ағымына қарсы жәдитшілік әрекеттері, ортақ бір Түрік тілі айналасында Түрік ұлттық болмысын қорғауды басты негізге алды (Andican, 2003: 25). Бұл пікірді белгілі ғалым Зеки Валиди Тоғанда растайды, «түрік бірлігінің түп негізінде тіл бірлігі жатқандығын Османша тілді Қырымның тілдік ережелеріне сәйкестендіріп ортақ мақсатты біріктіру пікірінде болған» деп тұжырым жасайды (Үалçınкауа, 2006: 268). Жәдитші көзқарастардың басында тұрған, «Исмайл Гаспиринский 1881 де Бақшасарайда жариялаған «Орыс исламы» атты орысша еңбегінде негізін сала бастаған усул-и жәдитке қатысты анықтамаларын 1883 жылдан бастап шығара бастаған Тәржіман газеті арқылы жалғастырды. Оның бұл теорияға қатысты ең ашық анықтамасы 1884 жылғы Тәржіман газетінде қосымшасы болып жарияланған «Мектеп» және «Усул-и Жәдит не?» атты шағын мақаласында көрініс тапқан. Исмайл Гаспиринский, білім жүйесінің алғашқы баспалдағы болатын балаларды оқытудың жүйесіне усул-и жәдитті дамыту үшін европа педагогикасын қабылдаған заманауи орыс педагогтарының да тәжірибелерін пайдаланды» (Накан, 1996: 54).

Исмайл Гаспиринскийдің түркі дүниесінің тіл бірлігінде негізгі қадам болып табылатын Османлы түрікшесімен шығарылған «Тәржіман» газеті, өз оқырманын Балқандардан бастап Қытайға дейінгі кең аймақтағы түркі дүниесінен тауып жатты. Осылай, атақты ғалым Исмайл Гаспиринский Қырымда бастаған усул-и жәдит мектептері кейінгі кезеңдерде түркі дүниесі үшін жәдитшілік бастауы болып осы жолда білім алуға ниеттенгендерге «жәдит» терминін тарату үрдісі осылай қалыптасты (ҒАҒЛА, 2002: 41).

Қазақ жерлерін отарлау саясаты XVIII ғасырдың басынан әскери-әкімшілік реформалар жүргізу арқылы басталып, 1867 жылы Түркістан генерал-губернаторлығының құрылуымен аяқталды. Патшалық үкімет отарланған аймақтарда өз саясатын орыс білім беру мекемелерін ашу арқылы жүргізіп отырған. Статистикалық мәліметтер Орынбор, Батыс-Сібір және Түркістан өлкесінде шамамен 60 астам тек әскери мамандарды даярлайтын орыс училищелерінің ашылғанын көрсетеді (Сембаев, Храпченков, 1972: 162).

Қазақстан аумағында жәдиттік мектептер тарихының қалыптасуының негізгі алғышарттары Сырдарияның Перовск фортындағы аралас орыс-тузем мектептерінің ашылуымен қатар жүрді.

Мұсылмандық мектептер мен медреселер патшалық биліктің елдегі орыстың саясатын еркін жүргізуіне тосқауыл болатын. Жаңадан жанданып келе жатқан отарлық жүйе мұсылмандық ағартушылыққа тікелей «шабуыл» жасамады. Оны Түркістан генерал-губернаторлығының негіздеушісі К.П. Кауфманның «Біз Түркістан аймағын христиан өркениетімен таныстыруға тиіспіз, бірақ біз оларға православие дінін ұсынудан аулақ тұруымыз қажет» деген сөздерінен аңғаруға болады (Keshimov, 1913: 636).

Сонымен қатар Түркістандағы білім беру жүйесін Ресей империясының заңына кірішпатар студің бір көрінісі ретінде 1875 жылы қабылданған «Түркістан аймағын басқару туралы ережені» айтуға болады. Негізінде Қазақстан жерлерінде орыс білім беру науқаны бастапқы кезде өз нәтижелерін бермеді. Оған орыс әкімшілігі ызаланып, түрлі айла тәсілдерін пайдаланды. Айталық, қазақтың ақыны А. Құнанбаевтың пайымына қарағанда «қазақтар өз

балаларын орыс мектептеріне амал жоғынан мәжбүрлеп берген» (Абай, 1995: 299б). Кейбір аудандарда байлар өз балаларының орнына кедей балдарына қаражат төлеп тіркеген. Осыған орай 1879 қазақ балалары үшін орыс тілін үйренетін мектеп-интернаттар құрыла бастады. Статистикалық мәліметтерге қарайтын болсақ 1901 жылы Түркістан өңіріндегі 45 аралас орыс-туземдік мектепте небәрі 1490 бала оқыған, бұл Түркістан халқының жалпы санының шамамен 0,05 %-ын құрады. Дегенмен, 25 жылда толық курсты бар жоғы 313 бала білім алып шыққан (Цаликов, 1913: 184б).

Исмайл Гаспиринскийдің жаңа бастамаларынан кейін Қазақстан аумағында жаңа бағытқа ұмтылушылар саны артты. Осы тұрғыда айта кетуіміз керек, жәдит мектептерінің көптеп ашылып, қанат жаюына татар молдалардың біліктілігінен бөлек қазақ ұлтының жаңашылдыққа білім мен ғылымға деген талпынысы да жәдит мектептерінің жайылуына түрткі болып басты рөлді атқарғанын айта кеткеніміз жөн. Сөзіміз дәлелді болуы үшін, статистикалық мәліметтерге назар салсақ, «Түркістан генерал-губернаторлығы көлемінде жалпы 63 жаңа әдісті мектеп халыққа қызмет еткен. Оның Сырдария уалаятында 16 жаңа әдісті мектепке 1690 шәкірт білім алған болса, Жетісу облысында 12 мектепке 825 оқушы білім алған» (Эгамбердиев: 2009: 38). Көрсетілген статистикалық деректерге қарап отырып, жәдит мектептерінің саны мен қатар, білім алушылардың саны да қазақ қоғамының жаңа өмірге бетбұрыс жасағандығын және жәдит мектептеріне деген үлкен үміті болғандығын аңғарамыз.

Осыған байланысты қазақ жеріндегі жәдиттікті И. Гаспиринский мен И. Ильминский арасындағы идеялық текетірес ретінде бағалайтын зерттеушілерде бар. Олардың арасында белгілі зерттеуші Б.А. Кенжетаевтің зерттеулеріндегі «далалық қазақтардың» білімін жетілдіруде татар молдаларының ықпалы мен орыс шовинисттерінің арасындағы бәсекелестік деген ұғымды нақты көрсетуге болады (Б.А. Кенжетаев: 1998: 18 б). Сонымен қатар, жәдитшіліктің белсенді таралуына қазақ жәдитші ақындарының да үлесі көп болды. Қазақ табиғатының ақын, саф сөздің салмағын ажырата білген халық болғандықтан, жәдитші ақындардың усул-и жәдитті мақтаған өлеңдерін жылдам қабылдады. Орал аймағында жәдитші медреселерден білім алған қазақ жастарының санының артуы, Қазақстанда жәдитші көзқарастағы Қазақ ағартушы тобының қалыптасуына ықпал етті. Бұл ағартушылар XX ғасыр басында білім жүйесі мен баспасөзде жәдитші көзқарастардың әлеуметтік саяси тұрғыдағы белсенділігінің артуына ықпал етті. Олардың қатарында, «Бейімбет Майлин, Мағжан Жұмабаев, Мұхаметжан Сералин» секілді майталмандар болғандығын атап өтуіміз қажет (Ригманов, Кареуева, 1997: 66) секілді.

Біз Қазақстандағы XX ғасыр басындағы жәдитшіліктің әлеуметтік-саяси белсенділігін анықтау барысында, сол кезеңдегі әлеуметтік қалыптасқан шарттар негізінде жәдитшіліктің түрікшіл ұстанымдары мен батысшыл көзқарастағы ағартушылармен пікір қайшылықтарда болғандығына назар аудардық. Алайда біз, Қазақстандағы XX ғасыр басындағы жәдитшілдік бағытты түрікшілдермен бірге, батысшылдарға қарсы деп бөліп көрсетуді жөн көрмейміз. XX ғасыр басында қазақ даласында «Орысша оқығандар», «Медреседе білім алғандар» деген сыңайда бөліп қарау қалыптасқан еді. «Жәдитшілердің көбінің негізгі ерекшелігі аз уақыт болсада медреседе білім алғандығы» (ВӨКЕҮНАН, 1995: 21). Ал, батысшыл ағартушылардың негізгі ерекшеліктері орысша білім алып, Ресейдің жоғарғы ғылым ордаларында білімдерін жетілдіруі еді. Жоғарыда атап өткен «Орысша оқығандар» мен «Медреседе білім алғандар» айырмасы осындай себептерден шыққан.

Қазақ қоғамындағы ұлттық бірегейлік үдерісін зерттей отырып, біз XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының білім беру үдерістерін қарастырдық. 1914–1915 жылдары жиырмаға жуық қазақ зиялылары анықталды, олардың көпшілігі феодалдық-бай элитасының ауқатты бөлігінен шыққан, олар жоғары білім алған. 120-ға жуық Қазақ, Оның ішінде Серали Лапин, Әлихан Бөкейханов, Мұхамеджан Тынышбаев, Мұстафа Шоқай, Бахытжан Қаратаев жоғары білім алса және кейбіреулері толық емес жоғары білім алған. Олардың 700-ге жуығы Мұсылман мектептерінің, яғни мектептер мен мұғалімдер семинарларының түлектері, Соның ішінде Ахмет Байтұрсынов, Әліби Жангелдин, Абдолла Асылбеков, Мағжан Жұмабаев, Көлбай Тоғысов және т.б. болды. Революцияға дейінгі қазақ

Ұлттық қозғалысының негізін қалаушылар орыс тілінде білім алған. Ол Санкт-Петербург, Мәскеу, Қазан, Томск университеттері мен институттарында оқыды. Санкт-Петербург Университетін 20 қазақстандық студент бітірді. Олардың қатарында Жақып Ақпаев, Бақытжан Қаратаев, Жаһанша Досмұхамедов, Барлыбек Сыртанов, Мұстафа Шоқай және т.б. болды.

Жоғарда аталған қайраткерлердің жәдиттік қозғалыста бір арнаға тоғысатын тұстарының негізгілерінің бірі, патша үкіметінің саясатының ажырамас бөлігінің бірі түркі халықтарын православтық рухта тәрбиелеу үдерісіне ыңғай таныта қоймағандығы деуімізге негіз жоқ емес. Қазақ жәдиттерінің саяси белсенді болып қалыптасуының тағы бір себебі, патша үкіметі қазақ жастарының білімін кәсіптік деңгей мен қарапайым үрдістерді білсе жеткілікті деген ұстанымды жүзеге асырды. Революцияға дейінгі кезенді алатын болсақ, орта мектептер мен оқу орындары өте тапшы болды. Осының салдарынан, мүмкіндігі барлар балаларын оқыту үшін орыс мектептеріне жіберуге мәжбүр болып жатты. Орыс мектептері орыс тілін үйретумен қатар, орыс тарихын оқытуға басымдық берері заңды құбылыс еді. Осыдан кейін, қазақ қоғамы арасында орысша оқыған біз жоғарыда келтірген зиялы қауым қалыптасты. Патша үкіметі барынша жәдиттік мектептерді бақылауда ұстауға тырысып бақты. Өйткені ХХ ғасыр басында Патша үкіметі жәдиттік әрекет этникалық өсімде бірегейлік танытатын күш ретінде қауіпті құбылыс тұрғысынан бағалап жатты. Сондықтан да, түркі-мұсылмандардың басын біріктірмеу мен білім саласын патшалық үкіметтің өзінің қалағанындай етіп жасауға күш жұмсады. Жәдиттер қозғалысы зайырлы және ұлттық мектепті құруға ұмтылыс танытып, ұлттық жаңғырудың даңғыл жолына апаратын идеологияны басты ұран ретінде ұстанған еді.

Тарихи тұрғыда баға беріп, ХХ ғасыр басындағы оқиғаларды сараптап қарайтын болсақ, жәдиттік мектептердің ұлттық тұтастық жолында саяси мәселелерде негізгі ойыншылардың қатарында үнемі болғанын аңғарамыз. Жәдиттік мектептер осылайша саяси элитаның қалыптасуына толыққанды ықпал ете алды. Олар ұлттың оянуы мен дамуы жолындағы ағартушылық істерімен бірге, патша үкіметіне халықтың мұң мен мұқтажын жеткізумен тікелей айналысқан қайраткерлер шоғырын қалыптастырды. Жәдиттік қозғалыстың тағы бір, саяси күшке айналып, тез арада ұйыса білуінің басты себептерінің бірі, орыстық-шовинистік отарлаушы билік пен батыстық өркениетке интеллектуалды исламдық форматтағы жауаптың болуы еді. Біздің түсінігімізде, жәдиттік қозғалыстың гуманистік ойларының жемісін ұлттық рухты көтеру мен прогрессивті тарихты жасауда айқын аңғаруымызға болады. Жәдиттік қозғалыстар, әлеуметтік-саяси белсенділігімен қатар, шығыстық үлгі мен батыстық үлгінің арасындағы тамаша диалог құра билген жүйелі әрекет болды деп есептейміз. Жәдиттік қозғалыстың кеңінен таралуы ұлттық сәйкестілік пен мәдени өсудің формацияларын бір арнаға тоғыстырған жүйе ретінде қызмет атқарды. Сонымен қатар, Қазақстанда жәдитшілдік идеологиясы кең тарала отырып Ресейдің Мұсылман Түріктерінің бір бөлігі және қоғамның белсенді саяси әрекеттерге араласуын қамтамасыз етті. Тарихи процестерге қарайтын болсақ, ХІХ ғасырдың басындағы өркениеттік процестермен сабақтасып жатты. Бұл белгілі Түркі халықтарының мәдени өзара іс-қимылын нығайту уақыты ретінде, әсіресе Еділ-Орал облысында және Батыс Қазақстанда, ХІХ ғасырдың аяғында және ХХ ғасырдың басында қарқынды жүрді. Бұл жәдиттік бағыттың қарқынды дамуынан түркі халықтарының ояну процесі жүріп жатты. Жәдиттік қозғалыс өкілдері ұстанған тұрмыс-салттық қажеттілік реформасы ұлттық мәдениетті және түркі халықтарының идеологиялық бірігу қаруы ретінде қызмет атқарды (Shylmambetov, Saparov: 2023: 196).

Ресей аумағында тіршілік еткен түркі жұртының төл баласы азаматтық реформа және де әлеуметтік саяси сананың жетілуі мен жаңалануы тұрғысынан белгілі бір деңгейлерде ағым қалыптастыра бастады. Баста атап өткеніміздей, Қазақстан даласындағы жәдитшіліктің белсенділігі қазақ ақындарының өлеңдері арқылы тарай бастаған. Тағы бір түркі жұртына Абу Бекир Кердери сияқты танымал ақындар, «Гаспиринскийдің мәдени бірлік ұранынан әсерленіп, түрік халықтары арасында сенімсіздік пен жеккөрушілікті жоюды мақсат тұтты. Жанданып келе жатқан Алаш Орда қозғалысына Осман империясының қорғауында болу тұрғысында және бірлікте болуын ұсынды» (Kovalskaya Svetlana: 2002: 646). Осы кезеңнің түрікшілдік идеясының басында тұрған ақындарының бірі Мағжан Жұмабаев болатын.

Мағжан өз өлеңдерінде Қазақстанда оянып келе жатқан түрікшілдік идеясын қазақ дүниетанымына сәйкестендіріп жырлады десек болады. Мағжан қазақтың тарихи санасын жаңғырту жолын ұстана отырып, екінші жақтан түркі дүниесімен байланысын ашып көрсетуге тырысқан. Мағжанның түрікшілдік идеясының біріктіруші негіздерін оның «Түркістан» атты өлеңінен байқаймыз.

«Түркістан екі дүние есігі ғой,
Түркістан ер түріктің бесігі ғой
Тамаша Түркістандай жерде туған

Түрікке тәңір берген несібі ғой. (Cumabayev: 1995: 186–188), – деп жырлаған Мағжан ақын барлық түріктің бірлік бесігі Түркістан идеясын ортаға қояды.

Сонымен қатар, Ресей аумағында кең жайылған жәдитшілік белгілі бір аймақтарға сәйкестеніп түрлі сапалық деңгейлерде болды. Барлық жәдитшілердің ортақ ерекшеліктері модерн сөзін ортақ негізге алғандары еді. Содай-ақ, Ресейдің әр тарапындағы жәдитшілер бір-біріне байланысты модерн бір баспасөздің оқырмандары қалыптастырған қоғамның бір бөлшегі болатын. Тәржіман барлық тараптан оқылатын, алайда әрбір әлеуметтік топтың күнтізбін белгілемейтін (KHALID, 2002: 696). Қазақ жерінде де ХХ ғасыр басында баспасөз газет пен журнал арқылы саяси сана қарқынды деңгейде дамыған болатын. Осылардың арасында «Ғалия» медресесінде білім алған Қазақ білімгерлері 1916 жылында Қазақ даласында усул-и жәдит мектептерінің ашылуына насихат тұрғысынан ықпал еткен «Садақ» журналы ашылған еді. Аталмыш журналдың жариялануында «Қазақ» газетінде жазбалары мен өлеңдері жарияланған Бейімбет Майлин мен Жиенғали Тіленбергеновтар жұмыс жасаған (Allabergen, Nuskabayulı, Orazev: 1996: 63). Қазақ жәдитшілері арасында маңызды қызмет атқарған Мұхамеджан Сералин болды. Ол Қазақ баспасөзінде жәдиттік көзқарастардың бастауы саналған «Айқап» (1911–1915) журналын ашты. «Айқап» журналына жәдитші ағартушылар жазбалары мен мақалаларын жолдап жәдиттік сана мен усул-и-жәдит білім жүйесіне қолдау білдірді (16, № 8).

Мысалыға; «Н.П. Остроумовтың берген мәліметтеріне қарағанда, Түркістан өңірінде алғашқы жәдиттік мектеп Ферғана алқабында 1890 жылы ашылған. Оңтүстік Қазақстан өңірінде алғашқы жаңа әдісті мектептер ХХ ғасырдың басында ғана ашылып, көбейе түскен (Эгамбердиев, 2009: 35) Сол кезеңдегі усул-и жәдит өкілдерінің бірі болған Мұхамед Салим Кешимов «Қазақтарға насихат», «Кітаптарды түсіну» деген сияқты еңбектерінде усул-и жәдит білім жүйесі тұрғысынан кеңінен түсіндіріп өтті. Білім жолында дұрыс жүйелілік болмаса артта қалған өлкелер қатарынан шыға алмайтынын халыққа жеткізу ниетінде болды. Осылайша, Кешимов «Айқап» журналына жіберген мақаласында усул-и жәдит білім жүйесін қолдап ескі әдіспен білім беретін молдаларды сынаған. Осындай усул-и жәдит жүйесінің өкілдерінің түсіндіру ағарту жұмыстарының нәтижесінде, «жыл өткен сайын жәдит мектептері көбейіп, 1905 жылға дейін тек Түркістан өңірінде оның саны 35-ке жеткен (Кешимов, 1913: 1).

Қазақ даласында Исмайл Гаспиринскийдің алғышартында жетілген жәдитшілік қозғалысының ауқымды деңгейде ықпалды болғанын Мұхамеджан Сералиннің, Исмайл Гаспиринскийдің қазасына орай жазылған, оның қазасы Түркі дүниесі үшін орны толмас қаза екендігін білдірген «Орны Толмас Қаза» атты мақаласы арқылы «Айқап» оқырмандарына естірткен (Seralin, 1914: 17). ХХ ғасыр басындағы саяси элитаның алдыңғы қатарында болған жәдитшілермен бірге Қазақ ұлттық ерекшелігіне аса жоғары тұрғыда мән берген батысшыл саяси элитада бір кезеңде Қазақ элитасының басында тұрды. Батысшыл көзқарастағы ағартушыларды жәдитші көзқарастан айыратын ең маңызды ерекшелікте батысшыл ағартушылардың Қазақ ұлттық болмысын ерекшелеп алдыңғы қатарға шығаруы еді (Türkoğlu, 2000: 343). Батысшыл ағартушылар бірінші кезекте Қазақ халқының ерекшеліктерін сақтап, қазақтарға мәдени және саяси алаңда артықшылықтар болуын басты назарға алды. Қазақ газеті арқылы «Қазақ» ұлттық болмысының қалыптасуына маңызды жұмыстар атқарды. Байтұрсынов Қазақ газетінің алғашқы санындағы бас мақаласында газетіміздің аты Қазақ, ұранымыз қазақтардың ұлттық болмысын қорғау деп мақсаттарын нақты ортаға қойды

(OLCOTT, 1987: 119). Алайда, осы тұрғыдан жәдитші ағартушылар ұлттық болмыстарынан ажырады деген ой туындамауы керек. Қайта керісінше жәдитші ағартушыларда Қазақ тарихының бастауы тереңде жатқандығын, қазақтардың тамыры түркілермен байланысы жатқанын алға тартқан еді. Осы орайда, Мұхаметжан Сералин осы мақсат төңірегінде «Айқап» журналына бір мақала жазып Қазақтардың Түрік түбінен тарқайтынын, түрік тарихында атақты қолбасшылар мен ғалымдардың шыққанын тілге тиек етіп, «Біздің түбіміз түрік. Тарихшылардың жазбаларында бабаларымыздың ешкімнен кем еместігі айқын. Бір кездері бабаларымыз төрт күл дүниені бағындырып, жоғарғы мәдениеттер жасай білген. Шыңғыс хан мен Әмір Темір сияқты қолбасшылар, Ибн-Сина секілді ғалымдар шығарған. Осындай баһадүр бабалардың балаларының түркіліктен тартынуы себебі түсініксіз», - деп тарихқа шолу жасаған (Seralin, 1911: 5). Әрине осындай пікірлер, патша үкіметін шошытты. Алайда патша үкіметі жәдиттік қозғалыстың шын мәнін еш түсінуге тырыспады. Әрдайым «панисламшылық» және «пантүрікшілдікпен» байланыстырып отырды. Ескішілдік яғни «кәдімшілікті» ашық қолдай отырып, жәдитшілердің ұлттық ұстанымдағы орынды талаптарын ескермеді. Алайда бұндай қарсылық, жәдитердің бірігуі мен қарқынды жұмыс атқаруына тосқауыл болмады, керісінше қайрай түскенін аңғарамыз. Ол қарсылықтар түрлі бағыттарда көрініс тауып жатты.

XX ғасырдың басында халықтың көзін ашып сауатын арттыратын құралдың бірі мектеп болса, бірі газет пен журнал болған еді. XX ғасырдың алғашқы ширегінде қаймана қазақтың мұң мен зары газет беттерінде де көрініс таба бастаған еді. Нақ осы заманда Патша үкіметінің озбыр отарлаушы саясатын ашық сынып, халықтың көзін ашуды қалайтын жәдиттер тобы баспасөзді қолға алуға кіріскен шақтары еді. Бұл әрине олардың саяси белсенділігімен қатар, азаттық жолындағы нақты қадамдарды жасауымен қатар жүріп отырды. Тарихқа үңіліп қарайтын болсақ, XX ғасырдың алғашқы ширегі қазақ мерзімді баспасөзінің қалыптасып, белсенділік танытуымен ерекшеленген еді. Егер, XIX ғасырдың аяғында елімізде «Түркістан уалаятының газеті» (1870–1883) және «Дала уалаятының газеті» (1888–1902) атты отарлық биліктің тапсырмаларын орындайтын екі басылым болса, 1905 жылдан кейін жаңадан пайда болған газеттер мен журналдар қазақтардың ұлттық мәселелеріне байланысты жазбалар жариялап отырды. 1907 жылы Санкт-Петербургтегі қазақ зиялылары тобының жетекшісі Абдурашид Ибрагимұлы басшылығымен «Серке» газетін шығара бастады. Осы газеттің екінші нөмірінде М.Дулатұлының «Біздің мақсатымыз» атты мақаласы жарық көрді. Патшалық полиция қызметкерлері бұл газеттің астарында «қазақ халқының отарлық басқармасы мен оның өкілдеріне қарсы бағытталған айдап салу әрекеттері бар екендігін сылтауратып» газетті жауып тастаған (Козыбаев, 2012:).

XX ғасыр басындағы Қазақстан аумағында болған әлеуметтік-саяси және саяси-экономикалық үдерістер қазақ қоғамының рухани-ағартушылық саласына тереңнен әсер етті. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси өміріндегі түбегейлі өзгерістер халықтың қоғамдық сана-сезімінің айтарлықтай өзгеруіне ықпал етті және қазақ қоғамындағы жаңа идеяларды, ойларды, көзқарастарды қалыптастыруды анықтайтын ұлттық рухты оята білді. Осы тұрғыда жәдитшіл мектептер мен медреселер қазақ қоғамындағы табанды саяси көзқарастың қалыптасуына өзіндік сүбелі үлесін қосты.

XX ғасырдың бірінші жартысындағы жәдиттік элитаның басым бөлігі қазақтардың этникалық бірегейлігі мен мәдениетін және әлеуметтік-саяси шоғырлануын қалыптастыру үшін елеулі жұмыстар жасады. Жаңа құрылған большевиктік жүйенің орталықтандыру үрдістерін арттыруы мен жалпыұлттық схема бойынша басқару жүйесін біріздендіру, жәдиттік бағыттағы қазақ элитасына қолайлы бола қоймады. Сонымен қатар, орыс тілінде білім алған қазақтың бірегей зиялылары салыстырмалы түрде патшалық биліктің, сонан соң коммунистердің қарқынды қоныс аудару саясатын жүйелі және орынды түрде сынап отырды. Ақпан революциясынан кейін де қазақтың дәстүрлі жер пайдалану жүйесін бұзумен қатар, жергілікті тұрғындардан жерді тартып алу үрдістері еш тоқтамады. Сонымен бірге большевиктердің ұстанған интеграциялық саясаты тек ресейлік басқару органдарын енгізуге ғана емес, қазақтың әлеуметтік және мәдени нормаларына да өз ықпалын тигізді.

Бұл дегеніміз экономикалық және саяси, мәдени салалардағы олқылықтар, жәдитшіл және орыс тілінде білім алған қазақтың зиялы қауымының басының бірігуіне негіз қалыптастырған еді. Олардың негізгі ортақ нүктесі қазақ қоғамының діни көзқарасына құрмет пен адам құқықтары сақтау тұрғысындағы пікір төңірегіне ұйысты. Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы әлеуметтік жағдайдың тым нашарлап кетуі, жаппай кедейшілік пен білім берудің кері кетуі халықтың наразылығын туғызған себептердің бірі болды. Шыдамы таусылған халық 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске шыға бастады. 1916 жылға дейінгі халықтың саяси санасын ояту жұмыстарында жәдиттік мектептерде білім алғандардың рөлі маңызды болды. Кеңестік тарих ғылымы болса, бұл көтерілістің қозғаушы күшін құрастырған түркі-мұсылман халықтарын бір-бірінен ажыратып көрсету үрдісін таңдап алған. Оның астарында жәдиттік көшбасшыларды «биліктің сатқындары» мен «контрреволюционерлер» сатысына қойып, түркі-мұсылман халықтарының ортақ мүддесін көрсетпеуге тырысатын орыс шовинистік зерттеушілері көптеп кездеседі. (Садуакасов, 1911: 64). Сол секілді кеңес дәуірінде бұл көтерілісті Алаш қозғалысының өкілдері қолдамады, қарсы болды деген пікірлер айтылып келді. Егер Бөкей хандығындағы С. Меңдешев, Жетісудағы Т.Бокин, Маңғыстаудағы Ж.Мыңбаев сынды жетекшілер сол толқулардың басы-қасында ұйымдастырушы болып жүрсе, Алаш қозғалысындағы тағы бір топ қантөгістің алдын алу, халықтың патша жендеттерінің қолынан босқа қырылып қалмауының жолдарын іздестірді (Нұрпейісов, 1922: 3)

Ұлт-азаттық көтеріліс тұншықтырылғаннан кейін, Қазақстан аумағындағы және Орта Азия елдеріндегі жәдиттерге қарсы ғылыми-атеистік білімді жүйелі түрде ілгерілетуді ұйымдастыру шаралары 1925–1926 жылдары толық көлемде жүргізілді. 1926 жылдан бастап жәдиттік қозғалысқа «антисоветтік сипат» тағылып, көптеген тезистер ресми құжаттарда көрініс тапты, ал 1927 жылы «жұмысшылардың таптық жауы» мәртебесі берілген «исламға қарсы күрес шаралары» қатаң түрде жайыла бастады. 1929 жылы үкіметтің арнайы қаулысында мектептерде ислам дінін оқытуға тиым салынып, жәдитшілер мен орыстық білім алған саяси элитаның арасына іріткі салу мақсатында насихаттар күшейе түсті. Ол үшін атеизм саясатының аясында жергілікті мұсылмандардың әкімшілік құрылымдары таратылды, жәдитшілердің өздерінің арасында жіктелуге апаратын жағдай қалыптастырылды. 1931 жылы большевиктердің пікірінше, «қазақ қоғамы арасына исламмен бірге зорлықпен енгізілген араб тілінің» мәртебесі халық санасынан өше бастады (Frede, 2011).

Қорытынды

Қазақстандағы жәдиттік бағыттағы мектептердің қалыптасуына И.Гаспиринскийдің рөлі маңызды болды. Қазақстанның мұсылмандық ортасында «жаңа әдісті» мектептер баяу ашылды, оның себептерін жердің кеңдігі, халықтың әлі де болса көшпелілікте өмір сүргендігі және орыс билігінің қазақтарды өзге түркі-мұсылман халықтарынан алшақ ұстағандығымен байланыстыруға болады. Аймақтардағы ашылған дәстүрлі жәдит мектептерде балаларды тәрбиелеуге және тәжірибе алуға толық негіз қалыптасқанды. Дәстүрлі оқу орындарының оқу жоспары мақсатты түрде жергілікті халықтың рухани және өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған. Оқу бағдарламасында діни пәндер мен жаратылыстану пәндері қатарынан оқытылды. Ресейдің отарлық саясаты жергілікті мектептерде жалпы білім беру пәндерін енгізуге нақты серпін берді. Патшалық әкімшіліктің негізгі міндеті қазақ қоғамына орыс тілінің таралуы және оларды орыс мәдениетіне тарту болды. Сондықтан түрлі заңнамалар шығарылды. Қазақстан жерлерін басқаратын үш генерал-губернаторлық жүйесі исламды және оның барлық институттарын елемеді. Сонымен қатар билік жәдитшілерді отарлық билікті құлататын оппозициялық саяси блок пен қозғалыс ретінде қарастырып, олардың кез келген әрекеттеріне тосқауыл қоюға тырысты. Ал жәдитшілердің бір ғана талабы болды, ол ана тілінде білім алу және орыс келімсектерді қоныстандыруды тоқтату секілді қоғамның заңды талаптарын көтерді. Жәдитшілер демократиялық реформаларды одан әрі тереңдету қажеттілігін түсіндірді, Патшалық Ресейлік үкіметке қазақ қоғамының мұңы мен зарын естіртуге тырысты. Мемлекеттік Думада түркі-мұсылман халықтарынан

депутаттардың сайлануын талап етті. Алайда, Патшалық үкімет жәдиттік қозғалыстың шын мәнін түсінбеді, тіпті түсінгісі келмеді, сонымен оны «пантүркішілдік» және «панисламшылдықпен» байланыстырды. «Кәдімшілдікті» ашық қолдап, жәдитшілдердің ұлттық бағыттағы саяси талаптарын таптауға бет бұрды. Жәдиттік зиялы қауымға саяси күш көрсетудің нәтижесінде олардың керісінше бірігуіне септігін тигізді. Қазақстандағы XX ғасыр басындағы жәдиттер белгілі бір топтың, немесе белгілі бір аймақтың ғана емес, тұтас ұлттың әлеуметтік-саяси санасын көтеруге белсенділік танытқан ағартушылық кезеңді қалыптастыра білді.

Дереккөздер

RMTM — Ресей мемлекеттік тарихи мұрағаты

Sources

RMTM — Russian State Historical Archive

Әдебиеттер тізімі

- Абдакимов, 1994 — *Абдакимов, А.* История Казахстана (с древнейших времен до наших дней): Учебное пособие. Алматы: ТОО Издательский дом «Казахстан», 1994. 235 с.
- Аллаберген, т.д., 1996 — *Аллаберген Қ., Нұқабайұлы Ж., Оразайұлы Ф.* Қазақ журналистикасының тарихы. Алматы: Рауан, 1996. 236 б.
- Бөкейхан, 1995 — *Бөкейхан А.* Таңдамалы // Құраст. Р.Н. Нұрғалиев. Алматы, 1995. 21 б.
- Жұмабаев, 1995 — *Жұмабаев, М.* Шығармалар // құраст. М. Базарбаев. Алматы, 1995. Т. 1. Б. 186–188.
- Кенжетаяев, 1998 — *Кенжетаяев Б.А.* Казанские учебные заведения и процесс формирования казахской интеллигенции в середине XIX-начале XX вв. Казань, 1998. 5 с.
- Кешімов, 1913 — *Кешімов, М.* Әулие-ата. Айқап, 1913. № 1. 5 с.
- Козыбаев, т.д., 2006 — *Козыбаев С.К., Нода Л.П., Рожков А.В.* Журналистика Казахстана : энциклопедия. Алматы: Экономика, 2006. 536 с.
- Кунанбаев — *Кунанбаев А.* (1845–1904). «Свою судьбу от мира не таю...»: избранное / Абай; [Сост. Герольд Бельгер]. Алматы : КРАМДС-Ахмет Яссауи, 1995. 299 с.
- Нұрпейісов, 1995 — *Нұрпейісов Қ.* Алаш һәм Алашорда. Алматы, 1995. 64 б.
- Пірманов, Қапеева, 1997 — *Пірманов, А., Қапеева, А.* Қазақ интеллигенциясы.-Алматы, Атамура, 1996. 66 б.
- Пясковский, 1958 — *Пясковский А. В.* Революция 1905–1917 годов в Туркестане. Москва, 1958, 543 с.
- Садуақасов, 1922 — *Садуақасов С.* Қазаққа не керек? // Өртен газеті, 1922. № 6. 5 б.
- Сембаев, Храпченков, 1972 — *Сембаев, А.И., Храпченков, Г.М.* Очерки по истории школ Казахстана. Алма-Ата: «Мектеп», 1972. 162 с.
- Сералин, 1911 — *Сералин М.* Қазақ Қандастарымызға // Айқап, 1911. № 4. 5 б.
- Сералин, 1914 — *Сералин М.* Орну Толмастай Өлім // Айқап, 1914. № 17. 5 б.
- Цаликов, 1913 — *Цаликов А.Т.* Кавказ и Поволжье. Очерки инородческой политики и культурно-хозяйственного быта. М.: Издание М. Мухтарова, 1913. 184 с.
- Эгамбердиев, 2009 — *Эгамбердиев, М.Ш.* XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы Түркістандағы жәдит мектептері // Шығыстану зерттеулер журналы, 2009. Б. 33–40.
- Ablani, 1998 — *Ablani, A.* Tanlangan Asarlar, II-jild. Toshkent, 1998. 288 p.
- Andican, 2003 — *Andican, A.A.* Ceditizm'den bağımsızlığa hariçte: Türkistan mücadelesi. İstanbul, 2003. 25 p.
- Çağla, 2002 — *Çağla C.* Azerbaycan'da milliyetçilik ve politika. İstanbul, 2002. 41 p.
- Ergün, Çiftçi, 2016 — *Ergün M., Çiftçi B.* Türk Dünyasının İlk Ortak Eğitim Reformu: Usul-ü Cedit Hareketi. I. Uluslararası Türk Dünyası Kültür Kurultayı. İzmir: Ege Üniversitesi Türk Dünyası Araştırmaları Enstitüsü, 2016. Pp. 1–15.
- Frede, 2011 — *Frede V.* Doubt, atheism, and the nineteenth-century Russian intelligentsia. University of Wisconsin Press, 2011. 5 p.
- Kasimov, 2009 — *Kasimov B.* “Milli uyanış”. AKDITYK Atatürk Kültür Merkezi, 2009. 2 p.
- Khalid, 2002 — *Khalid A.* Ceditçilik ve Orta Asya'daki Yeni Kimliklerin Ayırtımlarına Giriş. Türkler, Yeni Türkiye Yayınları, Ankara, 2002. 636 p. (In Turk.).
- Kırımlı, 2010 — *Kırımlı H.* Kırım Tatarlarında millî kimlik ve millî hareketler (1905–1916). Ankara: Türk Tarih Kurumu, 1996. 54 p.
- Kovalskaya, 2002 — *Kovalskaya S.* Kazakistan'da Ceditçilik. Türkler Ansiklopedisi, Çev. Babavatan, H. Türkler, 2002. Pp. 644–651. 646 p.
- Kurat, 1993 — *Kurat A.N.* Rusya tarihi: başlangıçtan 1917'ye kadar. Ankara, 1993. Pp. 384–386.
- Olcott, 1995 — *Olcott M.B.* The Kazakhs. Stanford, Hoover Institution Press, 1987. 119 p.
- Shylmambetov, Saparov, 2023 — *Shylmambetov S., Saparov B.* Some Problems of the Study of the Regional Jadid Movement in Kazakhstan in the Context of the Structure of National Identity. Bilig, 2023. Pp. 179–205.
- Sokol, 1954 — *Sokol E. D.* The Revolt of 1916 in Russian Central Asia. JHU Press, 1954. Vol. 71. 208 p.
- Türkoğlu, 2000 — *Türkoğlu İ.* Rusya Türkleri arasındaki yenileşme hareketinin öncülerinden Rızaeddin Fahreddin (1858–1936). İstanbul, 2000. 343 p. (In Turk.).
- Yalçınkaya, 1997 — *Yalçınkaya A.* Sömürgecilik-Panislamizm Işığında Türkistan, 1856'dan Günümüze. 2006. 268 p. (In Turk.).

References

- Abdaqimov, 1994 — *Abdaqimov A. Istoriya Kazakhstana (s drevneyshikh vremen do nashikh dnei): Uchebnoe posobiye [History of Kazakhstan (from ancient times to the present day): Textbook.]*. Almaty: TOO Izdatel'skiy dom “Kazakhstan”, 1994. 235 p. (In Russ.).
- Ablani, 1998 — *Ablani A. Tanlangan Asarlar, II-jild [Selected works, volume II]*. Toshkent, 1998. 288 p. (In Uzb.).
- Allabergen, et al., 1996 — *Allabergen Q., Nuqabayuly J., Orazayuly F. Qazaq jurnalistikasynyn tarihy [The History of Kazakh journalism]*. Almaty: Rauan, 1996. 236 p. (In Kaz.).
- Andican, 2003 — *Andican A.A. Ceditizm'den bagimsizliga hariçte: Turkistan mucadelesi [From modernism to independence abroad: the struggle of Turkistan]*. İstanbul, 2003, 25 p. (In Turk.).
- Bokeyhan, 1995 — *Bokeyhan A. Tandamaly [Favorites] // Qurast. Nurgaliyev R.N. Almaty. 1995. 21 p. (In Kaz.)*.
- Çağla, 2002 — *Çağla, C. Azerbaycan'da milliyetçilik ve politika [Nationalism and politics in Azerbaijan]*. İstanbul, 2002. 41p. (In Turk.).
- Egamberdiev, 2009 — *Egamberdiev, M. Sh. XIX gasyrynyñ sony men XX asyrynyñ basyndagi Turkistandagy jadid mektepteri [The Jadid schools in Turkistan at the end of the 19th century and beginning of the 20th century] // Shygystanu zertteyler zhurnaly, 2009. No. 49(4). Pp. 33–40. (In Kaz.)*.
- Ergün, Çiftçi, 2016 — *Ergün M., Çiftçi B. Türk Dünyasının İlk Ortak Eğitim Reformu: Usul-ü Cedit Hareketi. I. Uluslararası Türk Dünyası Kültür Kurultayı [The First Common Educational Reform of the Turkish World: The Usul-ü Cedit Movement]*. İzmir: Ege Üniversitesi Türk Dünyası Araştırmaları Enstitüsü, 2016. Pp. 1–15. (In Turk.).
- Frede, 2011 — *Frede V. Doubt, atheism, and the nineteenth-century Russian intelligentsia*. University of Wisconsin Press, 2011. (In Eng.).
- Jumabayev, 1995 — *Jumabayev M. Shygarmalar [Works] // qurast. M. Bazarbayev. Almaty, 1995. Vol. 1 Pp. 186–188. (In Kaz.)*.
- Kasimov, 2009 — *Kasimov B. Milli uyanış [National awakening]*. AKDITYK Atatürk Kültür Merkezi, 2009. 2 p. (In Turk.).
- Kenjetaev, 1998 — *Kenjetaev B.A. Kazanskiye uchebnye zavedeniya i protsess formirovaniya kazakhskoy intellektsii v seredine XIX-nachale XX vv. [Kazan's Educational institutions and the process of formation of the kazakh intelligentsia in the mid-19th to early 20th centuries]*. Kazan', 1998. 5 p. (In Russ.).
- Keshimov, 1913 — *Keshimov M. Äuliye-ata [Auliye-ata] Ayqap, 1913. 5 p.(In Kaz.)*.
- Khalid, 2002 — *Khalid A. Ceditçilik ve Orta Asya'daki Yeni Kimliklerin Ayrıntlarına Giriş [Jadidism and the new identities in Central Asia] Türkler, Yeni Türkiye Yayınları. Ankara, 2002. 636 p. (In Turk.)*.
- Kırımlı, 2010 — *Kırımlı, H. Kırım Tatarlarında millî kimlik ve millî hareketler (1905–1916) [Crimean Tatars' national identity and national movements (1905–1916)]*. Ankara: Türk Tarih Kurumu, 1996. 54 p. (In Turk.).
- Kovalskaya, 2002 — *Kovalskaya S. Kazakistan'da Ceditçilik [Jadidism in Kazakhstan] Türkler Ansiklopedisi, Çev. Babavatan, H. Türkler, 2002. 646 p. (In Turk.)*.
- Kozybaev, et al., 2006 — *Kozybaev S.K., Noda L.P., Rojkov A.V. Jurnalistika Kazakhstana: entsiklopediia [Journalism in Kazakhstan: Encyclopedia]*. Almaty: Ekonomika, 2006. 536 p. (In Kaz.).
- Kunanbaev — *Kunanbaev A. (1845–1904). “Svoyu sud'bu ot mira ne taju...”: izbrannoye // Abai [“I Do Not Hide My Fate from the World...”: Selected works // Abai]*. Almaty: KRAMDS-Akhmet Yassauı, 1995. 299 p. (In Russ.).
- Kurat, 1993 — *Kurat A.N. Rusya tarihi: başlangıçtan 1917'ye kadar [The history of Russia: from the beginning to 1917]*. Ankara, 1993. Pp. 384–386. (In Turk.).
- Nurpeyisov, 1995 — *Nurpeyisov Q. Alash hám Alashorda [Alash and Alashorda]*. Almaty, 1995. 64 p. (In Kaz.).
- Olcott, 1995 — *Olcott M.B. The Kazakhs*. Stanford, Hoover Institution Press, 1987. 119 p.
- Pırmanov, Qapeeva, 1997 — *Pırmanov A., Qapeeva A. Qazaq intellektsiyasy [Kazakh intelligentsia]*. Almaty: Atamura, 1996. 66 p. (In Kaz.).
- Pyaskovski, 1958 — *Pyaskovski A.V. Revolyutsiya 1905–1917 godov v Turkestane [The Revolution of 1905–1917 in Turkestan]*. Moscow, 1958, 543 p. (In Russ.).
- Saduaqasov, 1922 — *Saduaqasov S. Qazaqqa ne kerek? [What does the Kazakh need?] // Örtén gazetı, 1922. 5 p. (In Kaz.)*.
- Sembaev, Khrapchenkov, 1972 — *Sembaev A.I., Khrapchenkov G.M. Ocherki po istorii shkol Kazakhstana [Essays on the history of schools in Kazakhstan]*. Alma-Ata: “Mektep”, 1972. 162 p. (In Russ.).
- Seralin, 1911 — *Seralin M. “Qazaq Qandastarımyza” [To our Kazakh fellow countrymen]*. Ayqap, 1911. 5 p. (In Kaz.).
- Seralin, 1914 — *Seralin M. “Ornu Tolmastay Ölüm” [Death that Does Not Fill the Place]*. Ayqap, 1914. 5 p. (In Kaz.).
- Shylmambetov, Saparov, 2023 — *Shylmambetov S., Saparov B. Some Problems of the Study of the Regional Jadid Movement in Kazakhstan in the Context of the Structure of National Identity*. Bilig, 2023. Pp. 179–205.
- Sokol, 1954 — *Sokol E. D. The Revolt of 1916 in Russian Central Asia*. JHU Press. 1954. Vol. 71. 208 p.
- Tsalikov, 1913 — *Tsalikov A.T. Kavkaz i Povolzh'ye. Ocherki inorodcheskoy politiki i kul'turno-khozyaystvennogo byta [The Caucasus and Volga Region. Essays on the politics and cultural-economic life of foreign peoples]*. M.: Izdanie M. Mukhtarova, 1913. 184 p. (In Russ.).
- Türkoğlu, 2000 — *Türkoğlu İ. Rusya Türkleri arasındaki yenileşme hareketinin öncülerinden Rızaeddin Fahreddin (1858–1936) [Rızaeddin Fahreddin (1858–1936), One of the pioneers of the reform movement among Russian Turks]*. İstanbul, 2000. 343 p. (In Turk.).
- Yalçınkaya, 1997 — *Yalçınkaya A. Sömürgecilik-Panislamizm Işığında Türkistan, 1856'dan Günümüze [Colonialism-pan-islamism in the context of Turkistan, 1856 to the Present]*. 2006. 268 p. (In Turk.)


ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Republic of Kazakhstan
 Electronic scientific journal "edu.e-history.kz"
 Has been issued as a journal since 2014
 ISSN 2710-3994.
 Vol. 11. Is. 4, pp. 854-865, 2024
 Journal homepage: <https://edu.e-history.kz>

FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2024_11_4_854-865

STRUCTURE AND FUNCTIONING OF THE INDIAN CIVIL SERVICE IN THE INTERWAR PERIOD

*Aida Izmakhunovna Dautova-Khan*¹

¹KIMEP University
 (4, Abay Ave., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)
 Adjunct-lecturer
 <https://orcid.org/0000-0002-3341-1418>. E-mail: aida.dautova@gmail.com

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2024
 © Dautova-Khan A.I., 2024

Abstract. *Introduction.* This study is devoted to the structure and activities of the Indian Civil Service, the central apparatus of colonial administrative power in British India during the interwar period. The Indian Civil Service was considered the most prestigious among the other colonial services of the British Empire. Officers of the Indian Civil Service were represented at the executive, legislative and judicial levels of the state apparatus of colonial India. The most responsible and essential posts were reserved for service officers in both the central and provincial governments of British India, including the Indian Political Service, which was responsible for relations with the native principalities and neighbouring countries. Officers of the Indian Civil Service have also held senior positions in such services as the Indian Post and Telegraph Service, the Imperial Customs Service, the Indian Audit Office, and the Accounts Service. *Goals and objectives* of the study are to show the structure and activities of the Indian Civil Service in the system of the colonial administrative structure of British India in the interwar period. *Results.* The officers of the Indian Civil Service oversaw almost all branches of government important for the colonial presence, from the collection of taxes at the district level, ending with the posts of governor-general in the provinces of British India. All this allowed the British Empire to maintain its presence from the top of the colonial administration to the bottom of the power vertical. *Conclusions.* Thus, the central and provincial levels of government in British India were arranged according to the practical needs of the government. Officers of the Indian Civil Service controlled its most essential areas. The place and role of I.C.S. in the governance structure of British India provided direct control over the legislative, judicial, and executive powers of the imperial government.

Қазақ хандары және олардың өмірі мен қызметінен ақпарат беретін ауызша тарихнамалық деректер көп емес. Дәстүрлі дереккөздердің арасында анағұрлым мол мәлімет беретін әрі шынайылығы біршама жоғары ол – тарихи жырлар. Тарихи жырлардың біразы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында жарияланған ғылыми басылым – «Бабалар сөзінен» көрініс тапты. Топтаманың 56-томында берілген жырлар XVI ғасырдың соңындағы XVII ғасырдағы оқиғаларды сипаттайды. Ондағы «Еңсегей бойлы ер Есім», «Есім хан», «Олжаш батыр» жырлары қазақ хандарының өмірі мен отбасынан, қызметінен ақпарат береді. Томға ұсынылған «Еңсегей бойлы ер Есім» жырының нұсқасын халық ақыны Қазанғап Байболовтың жырлауында хатқа түсірілген. И. Ырсымбетов 1938 жылы Орталық ғылыми кітапханаға тапсырған. Шығарманың түпнұсқасы осы кітапхананың сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қорында сақтаулы. Жырдың сақталуы туралы басқа мәліметтер кездеспейді. Еңсегей бойлы ер Есім» жыры алғаш рет 1991 жылы Алматы қаласындағы «НБ-Пресс» баспасында жеке кітап түрінде жарық көрді. Кітапты баспаға дайындағандар: филология ғылымдарының докторы, профессор М. Мырзахметов, тарих ғылымдарының докторы, профессор М. Қойгелдиев пен филология ғылымдарының кандидаты М. Қалдыбаев (Бабалар сөзі, 2009: 365–366). «Еңсегей бойлы ер Есім» деп аталатын шығарманы Тәуекел деген тарихи тұлғаның ғұмырына жасалған шолу ретінде санауға болады. Жырдағы бас қаһарманның әкесі ретінде көрінетін Тәуекел хан – шындығында, Есімнің ағасы. Қадырғали Жалайыр өз шежіресінде Тәуекел хан мен Есім сұлтанды Шығай ханның Яхшым бегі деген бәйбішесінен туған және Тәуекелдің есімін «Төкей» деп жазған (Бабалар сөзі, 2009: 366). Ал Есім ханның жырда Тәуекел ханның ұлы ретінде көрінуі тарихи шындыққа жанаспайды. Бұл бір жағынан эпостық шығарманың ойдан шығарылған, оқиғаны әсірелеу үшін қолданылған тәсілінің нәтижесі болса, екінші жағынан жырды жаттап айтушылар өз тараптарынан оған өзгерістер мен толықтырулар жасап отырған. Мұның өзі – ауызша тарих айтуға тән құбылыс. Сондай-ақ Шыңғыс ханның ұрпағы Түркістанның ханы Тәуекелдің (Тәукенің) қырыққа келгенше баласыз болғаны, оның Қашқардағы Аппақ кожа⁶ дегеннің қолдауымен перзент көргені, ұлының атын Есім қойғаны баяндалады. Алайда жырда көрсетілгендей, Тәуекелдің қырықтан асқанда көрген ұлы – Есімнің он сегізге толғанда Тұрсын ханның қолынан қаза табуын тарихи деректер растамайды. (Бабалар сөзі, 2009: 366). Керісінше Есім хан он сегіз жасқа толғанда таққа отырған. Сонымен қатар Тәуекелдің хан болғандығы, халқы, жері, отбасы, жұбайы, ұлы мен қызы туралы айтылады. Дегенмен бұл жырда тарихилық сипат басымдық: Есім ханның бейнеленуі, Ташкентті билеген Тұрсын ханның жауыздығы, сондай-ақ Дешті Қыпшақ, Түркістан, Қашқар сияқты жер атауларының болуы – тарихи шындықтың көріністері (Бабалар сөзі, 35).

«Түркістан атты қалада,
Дешті-Қыпшақ далада,
Баласына үш жүздің
Тәуекел атты төреңіз
Хан болып көп жыл тұрады.
Он сегізде хан болып,
Жері байтақ, елі бай,
Алтын-күміс, қазына сай.

⁶ Аппақ кожа (лақап аты – «Һидаятулла») – XVII ғасырда Шығыс Түркістанда өмір сүрген кожа, ишандардың ірі өкілдерінің бірі. Аса күрделі тарихи тұлға. Ата-бабалары «қылыш қожалар» әулетінен тарайды. Өз әкесі Мұхаммед Юсуф деген адам – Орталық Азияда өмір сүріп, ислам әлемінде «Ағзам» деген дәрежеге жеткен ғұлама Махтұм Ағзамның ұрпағы. Мұхаммед Юсуфтің өзі де оқымысты, сопылық жолын ұстаған адам (Бабалар сөзі, 2009: 376).

Иісі қазақ баласы

Лақап қылып сол күнде

«Хандардың ханы» дер еді» деген жыр жолдары Тәуекелдің он сегіз жасынан нағыз билеушіге лайық халқына қызмет еткендігін дәйектейді (Бабалар сөзі, 2009: 122). Осы мәліметті дәлелдейтін тарихи фактілер кездеспейді. Тарихи деректер Тәуекелден гөрі Есімнің он сегіз жасында билік басына келгендігін айғақтайды.

«Қазақстан жұртының

Атырабын болжасаң,

Еділ, Жайық, Қапқазбен

Бір шеті Жаркент, Құлжамен,

Омск пен Томск, Ауған, Бұқар арасы,

Есепсіз жұрты көп еді» деген жолдардан Тәуекелдің кезінде Қазақ хандығының көршілері елдермен тығыз қарым-қатынас орнатып, орасан үлкен аумақта билік жүргізгендігін айғақтайды (Бабалар сөзі, 2009: 122). Бұл туралы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы да айтқан. Дала деректанушысының жазуы бойынша, Тәуекел аталған аумақты өзіне қаратқан. Осы турасында дала данасы «Тәуекел ханның ат арқасына мінген заманында Бұхара, Самарқан, ханы болып тұрған «Жақсы Ғабдолла» ханды өлтіріп, оның баласы Ғабдолмүмин ханды да өлтіріп, Мауралиаһрге (Мауеренахр) қожайын қылып. Ол уақыттарда Сауранда бір хан, Сунақта да бір хан, Отырарда да бір хан, Созақта да бір хан, әр күл төбенің басында тауықтың қоразындай қоқырайғандардың бәрін көк өрім бос шөптей, оп-оңай жұлып алып, Имамқұлы хан үш қабат соғысып, түк өндіре алмай, Ташкен, Түркістан, Андижан, Марғұлан, Самарқан – бәрін өзіне қаратып алып, орданы Ташкентке алып барып орнатқан», – деп жазды (Көпейұлы, 2008: 237). Шындығында Тәуекел Ташкентті хан ордасы ету үдерісін бастады. Оны аяқтаған Есім хан еді. Тарихтан белгілі Тәуекел хан 1583 жылы өзбектермен арадағы келісім шартты бұзып, Бұхараға қарсы Ресеймен саяси одақ құруға ұмтылды. Екі ел арасында елшіліктер алмастырылып, сауда байланыстарын кеңейтуге, өзара көмек көрсетуге, қолдауға бағытталған келіссөздер жүргізілді. Келіссөздерге байланысты Тәуекел хан Ресейдің қолдауымен Сырдария бойындағы қалаларды өзіне бағындырды. Дегенмен хандықтың қас жауы Шейбан әулеті болып қала берді. Жырда осы мәселе былай айтылады:

«Шекарасы – Қазығұрт,

Шаһары –Ташкент, Самарқанд

Қатаған деген бір жұрттың

Шибани дейді хандығын

Осыдан үлкен жауың жоқ» (Бабалар сөзі, 2009: 140).

Есім ханның Аппақ ишанға сапарын сәтті пайдаланған Шейбан билеушісі Тұрсын хан Түркістанға жорық жасайды. Жырда осы ахуал және Тұрсынның жоспары

«Ұлы кетті Қашқарға

Адамын алып жарамдар.

Қарауылсыз, күтімсіз,

Бейқам жатқан жайы бар.

Шөлейтпенен барайық,

Олжа, жесір талайық.

Білінбей барып түнінде,

Түркістанда шабайық.

Бір аяқ жансыз жіберіп,

Әуелі хабар алайық,

Неше жылғы кегінді

Сөйтіп бір енді алайық», – деп көрсетіледі (Бабалар сөзі, 2009: 142). Жыр желісінен Тұрсын ханның Түркістанды басып алуы алдын-ала жоспарланған, тыңғылықты ойластырған әрекет екендігін байқау қиын емес. Шындығында да жаулап алу – кек алудың жолы ғана емес, тұтастай билікке ұмтылған тұлғаның агрессиялық әрекеті.

Бұдан кейін Тұрсынның Түркістанды басып алуы жырда

«Желбіретіп туларын,
Жалаң қылыш байланып,
Қатаған деген елінен
Есепсіз қосын айдалып.

Түркістанды қамады,
Түн ішінде айналып», – деп айтылады (Бабалар сөзі, 2009: 142)

Жырдың мазмұны бойынша Тұрсын хан қартайған Тәуекелдің елін шауып, өзін өлтіріп, отбасындағы әйелдерін күң еткен. Тарихи жыр орын алған оқиғаны былай жеткізеді:

Тәуекел атты ханыңыз
Он бес жерден жаралы,
Денесін бір күн қараса.
Есі кетіп, сандалып,
Құлады жерге жанаса.
Туы құлап қалыпты,
Есін жиып бір уақта,

Оң-солына қараса. Гүлханым бәйбіше мен жеті жасар қызы Ханымша қолға түсіп, зарлап қалың жаудың ортасында тұр екен». (Бабалар сөзі, 2009: 144).

М. Тынышбаевтың еңбегінде осы оқиғаны 1923 жылы Бөген өзенінің бойындағы Шошқа-Бұлақ ауылының тұрғыны, ошақты руының ақсақалы Бәзектің аузынан жазып алып, аңыз ретінде келтірген. Аңызда Есім екі жыл бойы жорықта болып, қалмақтарды шауып, үйіне оралады. Күйік тауының бөктерінде (Әулие атадан батысқа қарай 40 шақырым жерде) Тұрсын ханға тиесілі бұзау бағып жүрген кемпірді көреді. Кемпір: «Батыр ұлым – Есім келіп, ханшаны бақташы еткен Тұрсын ханнан кегін алады», – деп жылайды. Есім кемпірдің анасы екенін біледі. Олардың бойын күйік, кек кернейді. Осыдан жердің аты Күйік атанады. Арыс өзенімен төмен түсіп, Тұрсын шапқан ауылының орнын табады. Есімнің отбасы мүшелері осында мал бағып жүреді. Құтырған адамша ашуға булыққан Есім ханды өлтіруге бел буады. Содан жердің аты Құтырған деп аталады (Тынышбаев, 2001:210).

«Еңсегей бойлы ер Есім» жырында Есім ханның қалмақтарды шабуға жер қайысқан қолмен аттанғаны, төрт күн бойы олармен шайқасып, бесінші күні жауды жеңіп, жеңіске жеткені ретімен баяндалады (Бабалар сөзі, 2009: 166–167; 174–175). Ақыры екі жақ мәмлеге келіп, ынтымақтасқан. Жырда осы оқиға былай айтылады:

«Қалмақтың жалпы адамы.

Ынтымақ қылып ханымен,

Ойласып жасы-кәрімен,

Қазаққа қалмақ қарады.

Жарасып, қалмақ, қазақ тату болды» (Бабалар сөзі, 2009: 181).

Жырдың мазмұны бойынша Омбыда жүрген кезінде Есім түс көреді. Түсінде қой бағып жүріп малының қасқырға таланғанын, анасы – Гүлханымның басына түскен ауыр халды жеткізуін, Аппақ қожа Ешеннің аянын көреді. Оянған сәтте Түркістанды Тұрсын ханның шапқанын біледі. Осыдан кейін қалмақтың ханы Темірмен келісімін бекітіп, еліне жол тартады. Есім ханның Темірмен өзара келісімге келгендігін мына жыр жолдарынан көруге болады:

«Қас едің әуелінде, енді доспыз,

Көруге қайта айналып болдым зарлы.

Ынтымақ, бірлік, тірлік күн көрейік,

Күш келсе, біз де мүштеп жасқағанды.

Таяныш керек кезде болысайық,

Ел жауын бірдей көріп, басқаларды» (Бабалар сөзі, 2009: 185). Шындығында да XVII ғасырдың екінші онжылдығының соңында В.А. Моисеевтің зерттеуінше, қазақ-қалмақ қатынастарында айтарлықтай өзгерістер болған. Ғалымның тұжырымынша, Есім ханға қалмақтарды жеңіп, оларды бейбітшілікке мәжүрлеген (Моисеев, 1991: 25). Аудармашы П.

Семеновтың 1620 жылғы хабарламасына сәйкес қалмақ тайшылары 1619 жылы Есім ханға келіссөздер өздерінің елшілерін жіберген (Атыгаев, 2023: 123). Осылардың бәрі Есім хан келіссөздерге дайын, еларалық, соғыс мәселелерін бейбіт жолмен шешуді таңдаған тұлға болған деген ой түйіндеуге негіз қалайды.

Еліне оралғаннан кейін Есім «өзі жансыз бөтен кісі болып, хан Тұрсын алдына бармақ болды. Осы атырапта үш хан болушы еді. Олар – айтылып отырған хан Тәуке, хан Тұрсын және Үргеніш жағын Әбілғазы баһадүр хан билейтін. Есім хан Тұрсынға осының жіберген елшісі болып бармақ болды» (Бабалар сөзі, 2009: 153). Мұның өзі Есімнің жаугершілік кезеңде ұтымды шешім қабылдайтын, мәмлегер, терең ойлы тұлға екендігін көрсетеді. Бұдан әрі жырда «Есім елші пормасына түсіп, ханның алдына кіріп келеді. Хан орнынан ыршып түрегеледі. Елші бірнеше күн елшіханада қонақ болып жатты. ...Баланың қағазын көрсе, Үргеніштегі Әбілғазы баһадүр ханның елшісі. «Әбілғазы баһадүр күллі мұсылман хандарын шақырып, бір үлкен мәжіліс құрмақшы еді, соған сізді шақыра келіп едім», – дейді бала. Хан бұған нанды. Жарамды ерлерін алып: «Әңгіменің ішінде болалық», – деп Үргенішке жүріп кетті (Бабалар сөзі, 2009: 155).

«Еңсегей бойлы ер Есім» деген жырда Есім елші ретінде Көкім биді жіберген деген мәлімет бар. «Қағазбенен хат беріп,

Мүддесін жазып ап келіп.

Хан Тұрсынға Есім хан

Елші қылып жіберді (Бабалар сөзі, 2009: 219). Елші болып Көкім би барған. Ташкентті басып алғаннан кейін Көкім биді бек етіп сайлаған.

Хан Үргенішке кеткенде Есім Ташкентті жаулап алу үшін Олжашқа және өзге де батырларға жасақ жинатады. Бұған «Олжаш батыр» жырындағы мына жолдар дәлел.

Батырға амандаса Есім келді,

Сол күнде қазақ ханы Есім еді.

«Қатағанды қол жиып, шабыңыз» деп,

Қазақтан қалың әскер жиып берді» (Бабалар сөзі, 2009: 301).

Атап айтар жайт, Олжаш батыр» жырын жеткізуші – белгілі жырау Жақсылық Төлепов. Тапсырушы – Қазақ КСР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты 1949 жылы ұйымдастырған Гурьев экспедициясының мүшесі Аралбаев Жұбаныш. Бір ғана нұсқада жеткен туынды бұрын еш жерде жарияланбаған. Оның қолжазбасы Орталық ғылыми кітапхананың сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қорының 560-бумасында сақтаулы (Бабалар сөзі, 2009: 369).

Шығайұлы Есім ханның заманында,

Ғасырдың он алтыншы бас кезінде

Олжаш шықты аттанып, туын байлап» деген жолдар Есім хан мен Олжаштың замандас, қалмаққа қарсы күресте үзеңгілес болғандығынан хабар береді (Бабалар сөзі, 2009: 210).

«Олжаш батыр» жырының желісі Есім хан мен Тұрсын ханның арасындағы қайшылықты қатынастарға құрылған. Қатаған ханы – Тұрсын қалмақтың ханы Қатаған болып көрсетіледі. Оның іс-әрекеті Есім ханға, қазақ еліне қарсы жауыздық ретінде суреттеліп, Қатаған жеңіліске ұшырап, оның қыздарының олжаға түскені жырда біршама кең баяндалады. Мәшһүр Жүсіп осы оқиға туралы: «Қазақ ханы» атанған Есім Ташкентті билеп тұрған Қатаған ханы Тұрсынмен соғысып, Қатағанды қырып, Тұрсынды өлтіріп, қырық қыз олжалап алып қайтты», – деп жазды (Көпейұлы, 2008: 237). Бұл жағдай қазақ шежірелерінде де айтылады. Мысалға, Шәкәрім жазған шежірені, М.Тынышбаевтың жазбаларын айтуға болады (Бабалар сөзі, 2009: 35).

Жиылған қазақтың қалың қолы Ташкентті басып алған. Бұл турасында жырда былай делінген:

«Ташкенге қосын шығарды.

Сапсыз ерлер жиылып,

Дүркін-дүркін айдады.

Әр дарбаза аузына

Мыңнан әскер қояды.

Зеңбірек атып, талқандап,

Ордасын ханның бұзады» (Бабалар сөзі, 2009: 157). Осыдан кейін Есім Үргеніштен қайтқан Тұрсынды өлтіруге бел буады. Осыны жыр жолдары анық жеткізеді:

«Бармаққа Үргеніште хан қасына.

Есім хан айтты: «Халқым, құлағың сал,

Олжаны тақсымымен үлесіп ал.

Алдынан жолын тосып іс қылайын,

Хан Тұрсын Үргеніштен қайтқан шығар» (Бабалар сөзі, 2009: 158).

Алайда жырда Есім ханның Тұрсынды өлтірмегені, керісінше Әбілғазы баһадүр ханның өтінішімен оны кешіріп, екеуінің өзара келісімге келгені баяндалады.

«Кештім» деді ер Есім,

Құрмет етіп патшаны.

Құсаметтерін тастады,

Қағаз қылып шартнама.

Хан Тұрсын Құран ұстады,

Өтірік қана өтініп,

Иламен көзін жастады» деген жыр жолдары осыны дәйектейді (Бабалар сөзі, 2009: 162). «Еңсегей бойлы ер Есім» деген жырында Есім ханның билеуші, сыртқы саясатын терең бағамдайтын тұлға ретіндегі келбеті оның Тұрсынды өлтіруден гөрі қалмақ, орыс тәрізді елдермен қарым-қатынасты реттеуді басты орынға қойғанынан көрінеді.

«Есім хан айтты бір сөз:

Құлағың сал, Баһадүр Әбілғазы, арызым бар.

Баласын мұсылманның жылатпайық,

Өр жақта қалмақтайын дұшпаным бар.

Омск, Томскінің айналасы,

Темір хан, Атас пірас кәпір шығар.

Хан Тұрсын мына жұртты аңғарып тұр,

Зерек қас надан достан артық шығар» деген жолдар айтылған ойды бекіте түседі (Бабалар сөзі, 2009: 163).

Шәкәрім Құдайбердіұлы «Қазақтың түп атасы» деген шежіресінде Есімнің Тұрсынды түнде ұйықтап жатқан жерінде өлтірген деп жазған. Бұл жөнінде:

«Тұрсынды өлтірерде түнде барып,

Күзетшісін есіктің байлап алып.

Есімнің қасындағы бір жыршысы,

Оятқан Тұрсын ханды әнге салып» деп жырлаған (Құдайбердіұлы, 1991:75). Шежіреде Тұрсынды өлеңдетіп оятқан Есім ханның қасында жүрген, соның ақылшысы, болған Төлеген, яғни Марқасқа жырау деп көрсетіледі. Ол былайша жырлаған:

«Ей, Қатаған хан Тұрсын!

... Еңсегей бойлы ер Есім,

Есігіңе келіп тұр,

Шашқалы тұр қаныңды,

Кешікпей содан қатарсың!» (Алдаспан, 1970: 104).

Ташкент және Түркістан билеушілері арасындағы шиеленіске толы оқиғаны, олардың жауласуын Мәшһүр Жүсіп те баяндады. Оның естіп, айтуынша «Еңсегей бойлы ер Есім Түркістанда қазақ ханы болып тұрған күнде Ташкентте Тұрсын хан Қатаған деген жұртты билеп тұрды. Тұрсын хан анттасып, Есім ханмен ата-бата қылысты бір-бірімен жау болмасқа» (Көпейұлы, 2008: 276). Алайда келісім-шарт бұзылған. Мұны Қазақ хандығы мен аштарханидтердің қарым-қатынасын зерттеген ғалым Н. Атығаев та анықтады. Оның зерделеуінше, Бұхара хандығының қазақ билеушілерімен өзара қарым-қатынастары XVII ғасырдың басында шеіленісті болып қала берді. Қазақ хандарымен келісім-шартты бұза отырып, олар XVI ғасырдың соңынан қазақтардың қолында болған Ташкентті өздерінің

билігіне қайтарып алуға ұмтылды (Атығаев, 2023: 49). Айта кетерлік жайт, осы кезде Қазақ хандығының өзінің ішінде мемлекеттегі билік үшін өзара күресті бастаған жоғарғы ақсүйек өкілдерінің арасында қақтығыс басталды (Атығаев, 2023: 51). Қазақ сұлтандарының арасында Есім, Тұрсын, Абылай, Ханзада сұлтандар басқарған, өзара бақталас бірнеше топтар болды. Қазақтардың бір тобын Есім хан және Абылай бастады. Екінші топтың басында Жәлім сұлтанның ұлы Тұрсын сұлтан (Тұрсын-Мұхаммед-сұлтан) тұрды. Бұл топтың өкілдері Аштарханидтермен одақ идеясын жақтады (Атығаев, 2023: 51). Осы кезде қазақ әміршілері мен аштарханидтер тартылған саяси оқиғалар бұлардың өзара қатынастарының тұрақсыздануына себепті болды, олардың арасындағы қақтығыстар уақытша одақтармен алмасып отырды. Мәселен, Түркістан мен Ташкенттен жасақталған 5 мың қазақты бастаған Есім хан 1611 жылы Иранға және Уәли-Мұхаммедке қарсы күресінде Имамқұл (Имамқули) ханға көмек көрсеткен. Алайда бұл одақ уақытша сипатта болды және Имамқұл хан қазақтарға қарсы талай рет жорықтар жасады. 1613 жылы Имамқұл хан қазақ сұлтаны Тұрсынды Ташкентке билеуші деп жариялады (Қазақстан тарихы, 1998: 425–426). Осыған орай Мәшһүр Жүсіптің айтуы бойынша Есім мен Тұрсын арасында туған араздық өрши түскен. Тұрсын хан Түркістанды басып алған. Осы оқиғаны Махмұд ибн Уәлидің «Бахр ал-асрар» атты жазба дерегі және шығыстанушы ғалымдардың зерттеулері негізінде талдаған Н. Атығаев Имамқұл ханның қолдауының нәтижесінде 1613–1614 жылдары Тұрсын Мұхаммед хан Ташкенттегі билікті және Түркістанның кейбір қалаларын басып алды. Алайда оның билігі берік болмай шықты, оған жоғарыда көрсетілгендей, Шығай ханның ұрпақтары Есім ханмен және Абылай сұлтанмен бәсекелес болуға тура келді (Атығаев, 2023: 52).

«Бабалар сөзінің» 56-томындағы «Есім хан» жыры өзінің мазмұнымен әрі құнды мәліметтерімен ерекшеленеді. Әсіресе «Есім хан» жырының құндылығын өз кезінде М. Әуезов, Ә. Марғұлан атап өткен. Ұзақ жылдар бойы белгісіз болып келген жыр тек Қытай Халық Республикасында тұратын қазақтар арасында сақталды. (Бабалар сөзі, 2009:6). «Есім хан» жыры Қытай Халық Республикасында шығатын «Шалғын» журналының 1987 жылғы үшінші санында жарияланды. Соңында берілген түсінікте: «Айтып берген – Боранбай Ләмжанұлы. Жазып алған – Оразбек Қанапин» деген мәлімет келтірілген. Өзге нұсқалары кездеспейді (Бабалар сөзі, 2009:368).

Жырда Есім ханның жеке басына және қызметіне

«Қазаққа әділдікпен патша болып,
Халықтың алған ықылас-батасын да.
Сол кезде жерге талас қазақ, қалмақ,
Сыр өзен Қамыстақтың арасында.
Алайда астам көңіл шапқыншылар
Алдында кім тұрғанға қарасын ба?
Осындай сабаз басшы тұрған кезде
Сұмырай жау елді басып ала алсын ба?
Жазуға қалам алып басшым қағаз,

Есім хан – тым айлакер, әділ сабаз» деген баға берілген (Бабалар сөзі, 2009: 291). Бұл жолдардан Есім ханның қазіргі тілмен айтқанда стратег, сыртқы саясатында «жеті рет өлшеп, бір рет кесетін» әрекеттерге барған, елшілік байланыстардың қыр-сырын жетік білген билеуші болғандығы анық көрінеді. Есім билік еткен уақыттың күрделі болғандығын халық жады «Елеуреп елдің жайын біліп тұр» деп,

Хандарға ұзақ-жақын сәлем айтып...
Қазаққа сондай заман болған емес,
Көсіліп қол-аяғын тыныш жатып. (Бабалар сөзі, 2009: 285).

Аумалы-төкпелі кезеңде билеушісімен қоса әскері, халқы да кез келген жағдайға дайын болып, тас түйін отырған. Тарихи жырда қоғамның жағдайы

«Бел шешіп төсегіне ер жатпайды,
Жылқыға ат жіберіп оттатпайды.
Үйде найза сүйеулі, белдеуде аты,

Дайындықсыз жүрегіне ас батпайды» деп дәл көрсетілген (Бабалар сөзі, 2009: 302). Сондықтан да бұл кезең ханнан сыртқы саясатты байсалды, даналықпен, көрегендікпен шешуді талап еткен.

Ел арасында «Еңсегей бойлы ер Есім» атанған хан өзі билік еткен тұста Түркістан мен Ташкентті Қазақ хандығына қаратты. Сыртқы саясатқа ерекше мән берген Есім Бұхарамен бітім-шартын жасасып, Орталық Азия қалаларымен бейбіт, экономикалық байланыс орнатуға ұмтылды. Қалмақтарға қарсы күрес жүргізуге де мәжбүр болды. Қалмақтар мен Аштарханидтерге қарсы ноғай билеушілерімен әскери-саяси одақ құруға тырысты. Себебі ноғайларға жайылымдарын басып ала бастаған қалмақтарға қарсы күресте серіктес қажет болды. Сондықтан да ноғайлар мұндай одақ құруға мүдделі еді (Атыгаев, 2023: 52). Жоғарыда айтылғандай, қалмақтармен келіссөздер жүргізіліп жатқан кезде қазақ ұлыстарына тайшылар шабуыл жасаған. Осыған ашуланған Есім хан қалмақтардың елшілерін өлтіріп, екі қалмақ тайшысының ұлысына жорыққа аттанған. Көп ұзамай қалмақтар талқандалып, қазақтар жеңіске жеткен. Алайда қалмақтар шабуылының мұнымен тоқтамайтындығын білген Есім хан халқын осы турасында хабардар еткен. Жырда сыртқы жауының көздеген мақсатын айқын таныған билеушінің ескертуі мынадай түрде жеткізілген:

«Есім хан халқын жиып, ақыл сапты:

– Қашқан жау Алтайдағы ханын тапты.

Олар кеп қайта аралап, жеңсе бізді,

Көрсетпейді бұл дүниеде рақатты» (Бабалар сөзі, 2009: 297). Есім ханға екі бөлікке бөлініп кеткен қалмақтармен соғысуға тура келген. Жырда шабуылдардың екі жақтың бейбіт келісімге келе алмауынан болғандығы

«Тағы да үлкен майдан басталады,

Белгісіз кімнің соры, кімнің бағы.

Патшаның бағы тайса, соры қайнап,

Тиынға жарамайды алтын тағы.

«Тәуекел не көрсек те, соғыстық» деп,

Қол қойды қазақ-қалмақ екі ханы» деп көрсетіледі (Бабалар сөзі, 2009: 298). Есім ханның жырда бейнеленгендей, қалмақтардың басқыншылығына әлденеше рет ойсырата тойтарыс беріп, оларға өзінің үстемдігін мойындатқаны – тарихи шындық (Бабалар сөзі, 2009: 368). Соғыстардың бірінде жеңіске жетсе, екінші біреуінде сәтсіздікке ұшыраған.

Ғалым А.И. Исиннің пікірінше, 1616 жылы Есім хан орталығы Ташкент саналған орта жүздің билеушісі болған (Исин, 2005: 529). Ол сол кезде қалыптасқан саяси жағдайда орасан зор аумағы, мықты әскері, дамыған шаруашылығы, әлеуметтік құрылымы бар бір орталыққа бағынған мемлекет құруды көздеді. Тарихи жырда стратегиялық ұмтылыс былайша көрсетілген:

«Өлімде малы-басың, күнде талан,

Алты ауыз ала болсаң бұл сияқты.

Өр жағың-қалмақ, қытай, бұяғы-орыс,

Қатаған не қып жатыр артқы жақты?!

Артынан Есім ханның ере берсең,

Сендерді жұрт қылармын бір сияқты» (Бабалар сөзі, 2009:180). Мұның өзі бір жағы қалмақ, екінші жағы Аштарханид, үшінші жағы орыс, қытай және моғол мемлекеттерімен байланыс орнатуға мәжбүр болған Қазақ елінің жағдайынан хабар береді. Қалыптасқан саяси ахуалда тиімді әрі дұрыс жолды таңдау, ұтымды қарым-қатынас орнату Есім ханға оңайға түспегені анық. Тарихи деректер Есім ханның сыртқы саясаты Аштархан әулетінің қазақ билеушілерін Ташкент пен Түркістаннан ығыстыруға тырысқан әрекетіне қарсы күрес; қырғыздармен тығыз саяси байланыстар орнату; Моғолстан және орыс мемлекетімен қарым-қатынастарды нығайту, қалмақтардың жаулап алу жорықтарын тойтару бағыттарында жүргендігіне көз жеткізеді.

Қырғыздармен тығыз саяси қарым-қатынастардың орнатылуын дәйектейтін деректер жеткілікті. XVII ғасырдың бірінші ширегіндегі Есім ханның соғыстарына қырғыздардың

қатысуы жөнінде аңыздар мен тарихи әңгімелерде қызықты мәліметтер сақталған. Солардың бірін Ш. Уәлиханов келтірген. Шоқан Есім ханның өз қарамағында қырғыздың ру басы Көкем би болғаны, соның көмегімен оның қатағандар мен шанышқылардың Тұрсынын құлата алғаны туралы аңызды келтірген. Қырғыздар мен қазақтар одағының ескерткішіне Есім Ташкентте мұнара салғызды, ол осы кезге дейін тұр және «Көкемнің көк күмбезі» деп аталады (Қазақстан тарихы, 1998: 428). Ал қырғыздар болса Есім ханды хан етіп көтерді. Бұл тарихи факті В.В. Бартольд Қашғар тарихы бойынша деректерді толықтырып, нақтылайтын маңызды тарихи дерек деп баға берген «Тарих-и Қашғарда» орын алған. «Қырғыздар Есімді хан деп жариялады. Есім хан оларды марапаттады» деген мәлімет айтылғанның дәлелі (Материалы, 2002: 243). Мұның өзі қазіргі Орталық Азиядағы халықаралық қатынастарда туысқан қырғыз елімен тығыз байланыстар орнатқандығын дәйектейді.

Моғолдар мемлекетімен байланыстарды күшейтуде Есім хан түрлі айла-шарғыларға барған. Моғолстанға қалқан болуды уәде еткен қазақ хандарының ісін жалғастырған Есім хан моғол билеушілерінің жорықтарына қатысқан. Н. Атығаевтың зерттеуінше, Моғол мемлекетін билеген Абд ар-Рашид ханның кезінде моғолдар мен өзбектер қазақ-қырғыз одағының күшімен сәтті соғыстар жүргізіп отырған (Атығаев, 2023: 77). Бұл жөнінде «Әбдірақым хан (Абд ар-Рашид) тағы да Ақсу мен Үшке барды. Қазақ – Шығай ханның ұлы Есім хан Ташкенттен Әбдірақым ханға келіп, мулазим (билеуші алдында қызмет етуге міндетті) болды. Хан оған лайықты құрмет пен құрмет көрсетіп, жасақтарын Ақсуға бастап барады. Әбдірақым хан Жар-Башыға, ал Есім хан Сауық-Бұлаққа қосын құрды» (Фазил Чурас, 2010: 186–187). Есім хан Жаркент хандығына қарсы болып Тұрпанды билеген Әбдірақым ханмен одақтасып қана қойған жоқ, өзіне мықты сүйеніш ету үшін онымен құдандалық байланыс орнатты. Есім хан Әбдірақымның қызы Патша ханымға үйленген. Ал Есім ханның ағасы Күшік сұлтан қызын Әбдірақымға берген (Ахтанов, 2015). Бұның өзі бір жағынан Есім ханның сыртқы саясатында өзіне одақтас іздеуде, мемлекетаралық қатаныстарды бекітуде тиімді әрекеттерге барғандығын көрсетеді.

Есім хан Қазақ хандығын басқыншылардан қорғау мақсатында өз заманына лайық саясат ұстанғандығын жырдың «Бейнетті дүниенің рақаты бар,

Сопы боп, тәркі дүние безбеген соң.

Пәлеңді неше түрлі сөндіремін,

Лайық заманыма кез келген соң.

Өлгенше маңайымнан жүргізбеймін,

Не болсаң, ол бол, қазақ, мен өлген соң» деген жолдар дәлелдейді. (Бабалар сөзі, 2009: 207).

Билеуші мұнымен шектелмей Қазақ хандығын сол заманда атақтары әлемге танылған мемлекеттердің қатарына енгізуді де армандаған.

«Артымнан бұл қалыппен ере берсең,

Бәлеге қарсы келген міндеткермін.

Өнерлі Түркиядай болмасаң да,

Ауғандай Иранменен қып кетермін.

Өлгенше өзім, қазақ, қор қылмаймын,

Онан соң ит пен құстың жеп кетерін» деген жыр жолдарынан Есім ханның көзі тірісінде Қазақ елін Түркия, Ауғанстан, Иран тәрізді мәдениеті мен экономикасы дамыған мемлекеттер деңгейіне көтеруге бағытталған ұмтылысын анық көруге болады (Бабалар сөзі, 2009: 216).

Қорытынды

Сонымен ауызша тарихнамалық үлгілердің бірі саналатын «Еңсегей бойлы ер Есім», «Есім хан», «Олжаш батыр» тарихи жырлары Есім ханның ұстанған сыртқы саясатын талдауға мүмкіндік берді. Жырларда тарих шындық пен поэтикалық қоспалар тығыз астасқан. Мұның өзі – эпостың ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрі. Тарихшы-зерттеуші жырды дереккөзі ретінде талдауда оның шынайылығына көз жеткізуі тиіс. Тарихи шындықты көркемдік әсерлеуден ажырату – зерттеушінің басты міндеті. Себебі эпикалық жырларда бас кейіпкерді

дәріптеу, оны мінсіз етіп бейнелеу орын алған. Жырды жеткізушілердің, жадта сақтап, айтып берушілердің де оқиғаларды бұрмалап немесе ұмытып қалған тұстарын өздерінше қалпына келтіргендерін назарға алу қажет. Сонымен қатар дереккөзінің пайда болу объективтілігін, авторын, сақталу формасын анықтау зерттеудің құндылығы мен ғылымилығын арттырады. Тарихи тұлғалардың есімдерін анықтау, жер-су атауларын нақтылау, тарихи хронология мен сабақтастықты сақтаудың маңызы зор.

Болашақта Есім ханның ішкі және сыртқы саясатын зерделеуде аталған тарихи жырлармен қатар ауызша тарих айтудың өзге де дереккөздерін, тың архив құжаттарын ғылыми айналымға енгізу әрі кешенді зерттеу жүргізудің қажеттілігі анық байқалады.

Әдебиеттер

Алдаспан, 1970 — *Алдаспан*. XV–XVIII ғасырлардағы қазақ ақын-жырауларының шығармалар жинағы. Құрастырып, баспаға әзірлеген М. Мағауин. Алматы: «Жазушы» баспасы, 1970. 279 б.

Атыгаев, 2023 — *Атыгаев Н.* Казахское ханство: очерки внешнеполитической истории XV–XVII веков. Алматы: Евразийский научно-исследовательский институт МКТУ им. Х.А. Ясави, 2023. 225 с.

Ахтанов, 2015 — *Ахтанов Е.* Есім хан тұсындағы қазақ хандығы 1598–1628. Есім ханның ішкі және сыртқы саясаты // [Электронды ресурс]. URL: https://vk.com/wall-95665579_72. 25 маусым 2015. (Қаралған күні: 9 мамыр 2024.)

Әуезов, 1962 — *Әуезов М.* Уақыт және әдебиет. Құрастырушы Ы. Дүйсенбаев. Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1962. 430 б.

Бабалар сөзі, 2009 — *Бабалар сөзі*: Жүзтомдық. Т. 56: Тарихи жырлар. Томның редакция алқасы: Б. Әзібаева, Ш. Елеуенов, С. Қасқабасов, С. Қорабай (жауапты редактор). Астана: «Фолиант», 2009. 408 б.

Байтұрсынұлы, 2003 — *Байтұрсынұлы А.* Бес томдық шығармалар жинағы. 1-том. Өлеңдер, әдеби-ғылыми зерттеулер. Алматы, Алаш, 2003. 408 б.

Валиханов, 1961 — *Валиханов Ч.Ч.* Предания и легенды Большой киргиз-кайсацкой орды; Исторические предания о батырах XVIII в. // Валиханов Ч. Собр. соч., в 5-ти т. Т. I. Алма-Ата, Изд-во АН КазССР, 1961. 426 с.

Досмұхамедұлы, 1991 — *Досмұхамедұлы Х.* Аламан. Құрастырушылар: Ғ. Әнесов, А. Мектепов, Ш. Керімов. Алматы: Ана тілі, 1991. 176 б.

Жұмалиев, 1958 — *Жұмалиев Қ.* Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. Алматы, Қазақ мемлекет. Көркем әдебиет баспасы, 1958. 404 б.

Исин, 2005 — *Исин А.* История Казахстана в русских источниках. Том I. Посольские материалы Русского государства (XVI–XVII вв.). Составление, транскрипция скорописи, специальное редактирование текстов, вступительная статья, комментарии, составление словариков указателей А. Исина. Алматы, Дайк-Пресс, 2005. 704 б.

Исмаилов, 1967 — *Исмаилов Е.* В поисках нового. Алма-Ата, Жазушы, 1967. С. 189–227.

Источниковедение, 2015 — *Источниковедение*. Учеб пособие / И.Н. Данилевский, Д.А. Добровольский, Р.Б. Казаков и др. Отв. ред. М.Ф. Румянцева. М.: Изд. дом Высшей школы экономики, 2015. 685 с.

Көпейұлы, 2008 — *Көпейұлы Мәшһүр Жүсіп*. Ит дүние. Таңдамалылары. Құрастырушысы һәм жауапты редакторы Клара Серікбаева. Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2008. 416 б.

Қазақ әдебиетінің тарихы, 1948 — *Қазақ әдебиетінің тарихы*. 1 том. Ред. басқарған М. Әуезов. Алматы, Қазақ ССР Ғылым Академиясы, 1948. 439 б.

Қазақстан тарихы, 1998 — *Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін)*. Бес томдық. II т. Алматы: «Атамұра», 1998. 640 б.

Құдайбердіұлы, 1991 — *Құдайбердіұлы Ш.* Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. Алматы: Қазақстан; Сана, 1991. 80 б.

Маргулан, 1946 — *Маргулан А.* О характере и исторической обусловленности казахского эпоса // Известия Каз ФАН СССР. Серия историческая. 1946. Вып. 2. С. 75–81.

Моисеев, 1991 — *Моисеев В.А.* Джунгарское ханство и казахи (XVII–XVIII вв.). Алма-Ата: Ғылым, 1991. 238 с.

Радлов, 1870 — *Радлов В.В.* Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи. Ч. III. Киргизское наречие. СПб., 1870. 712 с.

Тарих-и Кашгар, 2002 — *Тарих-и Кашгар* // Материалы по истории кыргызов и Киргизстана. Отв. ред. В.А. Ромодин. Бишкек, «Манас», 2002. 315 с.

Тынышбаев, 2001 — *Тынышбаев М.* Таңдамалы. Избранные. Составители: Б. Байғалиев, Г. Жугенбаева. Алматы: «Арыс» баспасы, 2001. 332 с.

Шах-Махмуд ибн Мирза Фазил Чурас, 2010 — *Шах-Махмуд ибн Мирза Фазил Чурас*. Хроника. Критический текст, перевод, комментарии, исследование и указатели О.Ф. Акимовкина. 2-е изд. СПб: Петербургское лингвистическое общество, 2010. 496 с.

References

- Ahtanov, 2015 — *Ahtanov E.* Esim han tusyndaqy qazaq handygy 1598–1628. Esim hanynyn ishki jáne syrtyq saiasaty [The Kazakh Khanate during the reign of Yesim Khan 1598–1628. Domestic and foreign policy of Yesim Khan] // [Elektronnyy resyrs]. URL: https://vk.com/wall-95665579_72. 25.05.2015. (Qaralgan kun: 9.05.2024). (In Kaz.).
- Aldaspan, 1970 — *Aldaspan.* XV–XVIII gasyrlardaqy qazaq aqyn-jyraylarynyn shygarmalar jnagyy. [Collection of works by Kazakh poets of the XV–XVIII centuries]. Qurastyryp, baspaga azerlegen M. Magaym. Almaty: «jazshy» baspasy, 1970. 279 p. (In Kaz.).
- Atygaev, 2023 — *Atygaev N.* Kazahskoe hanstvo: ocherki vneshnepoliticheskoi istorii XV–XVII vekov [The Kazakh Khanate: essays on the foreign policy history of the XV–XVII centuries]. Almaty: Evraziiskii naychno-issledovatel'skii instityt MKTY im. H.A. Iasavi, 2023. 225 p. (In Russ.).
- Ayezov, 1962 — *Ayezov M.* Yaqyt jane adebiet [Time and literature]. Qurastyryshy Y. Dusenbaev. Almaty: Qazaqtyn memlekettik korkem adebiet baspasy, 1962. 430 p. (In Kaz.).
- Babalar sozi, 2009 — *Babalar sozi:* Juztomdyq. Vol. 56. Tarihi jyrlar. [The words of the ancestors]. In 100 vol. Vol 56. Tomnyn redaksiyasi: B.Azibaeva, Sh. Eleykenov, s. Qasqabasov, S. Qorabai (jayapty redaktor). Astana: «Foliant», 2009. 408 p. (In Kaz.).
- Baitursynuly, 2003 — *Baitursynuly A.* Bes tomdyq shygarmalar jnagyy. [Baitursynuly A. Essays in five volumes]. Vol. 1. Olender, adebiet-gylymymy zertteyley. Almaty: Alash, 2003. 408 p. (In Kaz.).
- Dosmuhameduly, 1991 — *Dosmuhameduly H.* Alaman [Alaman]. Qurastyryshylar: G. Anesov, A. Mektep, Sh. Kerimov. Almaty: Ana tili, 1991. 176 p. (In Kaz.).
- Isin, 2005 — *Isin A.* Istoriya Kazahstana v russkikh istochnikah. Tom I. Posolskie materialy Russkogo gosudarstva (XVI–XVII vv.) [The history of Kazakhstan in Russian sources. Embassy materials of the Russian State (XVI–XVII c.)]. Vol 1. Sostavlenie, transkriptsiya skoropisi, spetsialnoe redaktirovanie tekstov, vstupitelnaya statya, kommentarii, sostavlenie slovníkov ukazatelei A. Isina. Almaty, Daik-Press, 2005. 704 p. (In Russ.).
- Ismailov, 1967 — *Ismailov E.* V poiskah novogo [In search of a new one]. Alma-Ata, Jazyshy, 1967. Pp. 189–227. (In Russ.).
- Istochnikovovedenie, 2015 — *Istochnikovovedenie* [Source studies]. Ycheb posobie / I.N. Danilevskii, D.A. Dobrovolskii, R.B. Kazakov i dr. Otv. red. M.F. Rymiantseva. M.: Izd. dom Vysshei shkoly ekonomiki, 2015. 685 p. (In Russ.).
- Jumaliev, 1958 — *Jumaliev Q.* Qazaq epostary men adebiet tarihnynyn qoloneri [Kazakh epics and the craft of literary history]. Almaty, Qazaq. memleket. Korkem adebiet baspasy, 1958. 404 p. (In Kaz.).
- Kopeuly, 2008 — *Kopeuly M.J.* It dunie. Tandamaly [Favourites]. Qurastyryshy ham jayapty redaktorlary Klara Serikbaeva. Almaty: halyqaraldyq Abai klybtary, 2008. 416 p. (In Kaz.).
- Margylan, 1946 — *Margylan A.* O haraktere i istoricheskoi obyslovlennosti kazahskogo eposa [About the nature and historical conditionality of the Kazakh epic]. // *Izvestiia Kaz FAN SSSR. Serii istoricheskaiia*, 1946. Vol. 2. Pp. 75–81. (In Russ.).
- Moiseev, 1991 — *Moiseev V.A.* Dzyngarskoe hanstvo i kazahi (XVII–XVIII vv.). [The Dzungarian Khanate and the Kazakhs (XVII–XVIII cc.)]. Alma-Ata: Gylym, 1991. 238 p. (In Russ.).
- Qazaq adebietinin tarihy, 1948 — *Qazaq adebietinin tarihy* [The history of Kazakh literature]. Vol. 1. Basqarqan M. Ayezov. Almaty: Qazaq KSR Gylym Akademiasy, 1948. 439 p. (In Kaz.).
- Qazaqstan tarihy, 1998 — *Qazaqstan tarihy* (kone zamannan bogenge deing) [The history of Kazakhstan (from ancient times to the present day)]. Bes tomdyq. Vol. II. Almaty: “Atamura”, 1998. 640 p. (In Kaz.).
- Qudaiberdiuly, 1991 — *Qudaiberdiuly Sh.* Turik, qyrgyz-qazaq ham handar shejiresi [Genealogy of Turks, Kyrgyz-Kazakhs and Khans]. Almaty: Qazaqstan, Sana, 1991. 80 p. (In Kaz.).
- Radlov, 1870 — *Radlov V.V.* Ontustik Sibir men Zhyngar dalasynda turatyn turki taipalarynyn halyq adebietinin ulgileri [Samples of folk literature of Turkic tribes living in Southern Siberia and the Dzungarian steppe]. III vol. Qyrgyz usteyi. Sankt-Petersburg, 1870. 712 p. (In Kaz.).
- Shah-Mahmyd ibn Mirza Fazil Chyras, 2010 — *Shah-Mahmyd ibn Mirza Fazil Chyras.* Hronika [Shah Mahmud ibn Mirza Fazil Churas. The Chronicle]. Kriticheskii tekst, perevod, kommentarii, issledovanie i ykazateli O.F.Akimyshkina. 2-e izd. SPb: Peterbyrgskoe Lingvisticheskoe obestvo, 2010. 496 p. (In Russ.).
- Tarih-i Kashgar, 2002 — *Tarih-i Kashgar* [Tarih-i Kashgar] // Materialy po istorii kyrgyzov i Kirgizstana. Otv.red. V.A. Romodin. Bishkek: “Manas”, 2002. 315 p. (In Russ.).
- Tynyshbaev, 2001 — *Tynyshbaev M.* Tandamaly. Tandylylar. [Favourites]. Qurastyryshylar: B. Baigaliev, G. Jugenbaeva. Almaty: “Arys” baspasy, 2001. 332 p. (In Kaz.).
- Valihanov, 1961 — *Valihanov Ch.Ch.* Predaniia i legendy Bolshoi kirgiz-kaisatskoi ordy; Istoricheskie predaniia o batyrah XVIII v. [Legends and legends of the Great Kirghiz-Kaysak Horde; Historical legends about the batyrs XVIII c.] // *Valihanov Ch. Sobr. soch., v 5-ti t.* Vol. I. Alma-Ata: Izd-vo AN KazSSR, 1961. 426 p. (In Russ.).


ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY


Published in the Republic of Kazakhstan
 Electronic scientific journal “edu.e-history.kz”
 Has been issued as a journal since 2014
 ISSN 2710-3994.
 Vol. 11. Is. 4, pp. 915-927, 2024
 Journal homepage: <https://edu.e-history.kz>


FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2024_11_4_915-927

ACTIONS CARRIED OUT BY LAW ENFORCEMENT AGENCIES WHILE ENFORCING THE “SOCIAL PROPERTY PROTECTION” LEGISLATION

Sagnaikyzy Samal¹, Asylbekova Zhamilya Malik-Aidarovna^{2}, Gulnar Alimbekovna Omarova³*

¹Al-Farabi Kazakh National University
 (71, Al-Farabi Av., 050038 Almaty, Republic of Kazakhstan)
 Candidate of historical sciences, senior lecturer, Al-Farabi Kazakh National University
 <https://orcid.org/0000-0002-6335-3271>. E-mail: Samal7373@mail.ru

²Narxoz University
 (55, Zhandosova Str., Almaty, 050035, Republic of Kazakhstan)
 Doctor of sciences (History), Professor, Narxoz University
 <https://orcid.org/0000-0002-4546-0110>. E-mail: asylbekova777@mail.ru

³Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology
 (28, Shevchenko Str., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)
 Master (History)
 <https://orcid.org/0000-0002-0583-1113>. E-mail: Gulnara_78@mail.ru

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2024
 © Sagnaikyzy S., Asylbekova Zh. M-A., Omarova G.A., 2024

Abstract. *Introduction.* In the 1920s and 1930s, a campaign for the “defense of socialist property” was carried out in Kazakhstan, initiated in 1932. This campaign was part of the Soviet government's political agenda aimed at eliminating private property, seen as a threat to socialist ideals. The campaign unfolded against the backdrop of the 1931–1932 famine, during which millions of people suffered from hunger. In such conditions, the struggle for socialist property became an additional threat to citizens, leading to persecution, arrests, and repression. Law enforcement agencies actively pursued “enemies of the people”, including peasants accused of supporting the old order. The campaign resulted in mass repressions, significantly altering the political landscape in Kazakhstan. The aim of the study is to analyze the activities of law enforcement agencies during the period of the “Defense of Socialist Property” legislation and assess their actions in terms of legality and the moral norms of the time. Special attention is given to archival materials, which reveal how laws were interpreted and how this impacted citizens' lives. *Results.* The campaign was accompanied by harsh repressive measures and an expansion of the powers of law enforcement agencies. In 1932, directives were introduced demanding severe punishments for theft and embezzlement of valuables. In practice, the actions of the authorities often exceeded legal norms, leading to arbitrary punishments. Law enforcement agencies acted as instruments of authoritarian power, ignoring citizens' rights. This led to mass arrests, torture, and executions, especially of “class enemies”. The law influenced judicial practice, revealing numerous violations such as delays in case hearings and unjustified accusations. The campaign became a tool for consolidating Soviet power but undermined the foundations of the


rule of law. *Conclusion.* The "protection of socialist property" campaign in 1930s Kazakhstan became a tool of the Soviet government's repressive policies. It led to widespread violations of citizens' rights, arbitrary punishments, and the use of law enforcement as an instrument to strengthen the authoritarian regime, causing significant harm to legal and moral norms.


Keywords: Law enforcement agencies, socialist property, legislation, repression, human rights violations, property confiscation, violation of rights


For citation: Sagnaikyzy S., Asylbekova Zh. M-A., Omarova G.A. Actions carried out by law enforcement agencies while enforcing the “Socialist Property Protection” legislation // Electronic scientific journal “edu.e-history.kz”. 2024. Vol. 11. No. 4. Pp. 915-927. (In Russ.). DOI: 10.51943/2710-3994_2024_11_4_915-927

«СОЦИАЛИСТИК МЕНШІКТІ ҚОРҒАУ» ЗАҢЫН ОРЫНДАУ БАРЫСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Сағнайқызы Самал¹, Асылбекова Жамиля Мәлік-Айдарқызы^{2*}, Гүлнар Әлімбекқызы Омарова³

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
(71-үй, Әл-Фараби даңғ., 050038 Алматы, Қазақстан Республикасы)
Тарих ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы
 <https://orcid.org/0000-0002-6335-3271>. E-mail: Samal7373@mail.ru

²Нархоз университеті
(55-үй Жандосов көш., 050035 Алматы, Қазақстан Республикасы)
Тарих ғылымдарының докторы, профессор, Нархоз университеті
 <https://orcid.org/0000-0002-4546-0110>. E-mail: asylbekova777@mail.ru

Ш.Уалиханов атындағы Тарих және этнология институты
(28-үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)
Магистр
 <https://orcid.org/0000-0002-0583-1113>. E-mail: Gulnara_78@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2024

© Сағнайқызы С., Асылбекова Ж. М-А., Омарова Г.Ә., 2024

Аңдатпа. *Kipicne.* 1920–1930 жылдары Қазақстанда 1932 жылы басталған «социалистік меншікті қорғау» саяси-экономикалық науқаны жүргізілді. Бұл науқан социалистік идеалдарға қауіп ретінде қабылданған жеке меншікті жоюға бағытталған кеңестік биліктің саяси курсының бір бөлігі болды. Науқан 1931–1932 жылдардағы жаппай ашаршылық кезеңінде, миллиондаған адамдар аштылық нәубәтін тартып жатқан кезде басталды. Мұндай жағдайларда социалистік меншікті қорғау азаматтар үшін қосымша қауіп тудырып, қудалауды, тұтқындауды және құғын-сүргінді арттырды. Құқық қорғау ұйымдары «халық жауларын», соның ішінде ескі тәртіпті қолдады деп айыпталған шаруаларды белсенді түрде қудалады. Науқан Қазақстандағы саяси жағдайды айтарлықтай ушықтырып, жаппай халықты құғын-сүргінге ұшыратты. *Зерттеу мақсаты* – «Социалистік меншікті қорғау» туралы заңы талаптарын жүзеге асыру барысындағы құқық қорғау ұйымдарының қылмысты қызметін талдау және олардың әрекеттерін сол кездегі заң мен моральдық нормалар тұрғысынан бағалау. Ерекше назар мұрағат материалдарға аударылды, оларнауқан нормативті-құқықтық құжаттарының қалай түсіндірілгенін және бұл халықтың өміріне қалай әсер еткенін көрсетеді. *Нәтижелер.* Науқан қатал құғын-сүргін шаралармен және құқық қорғау ұйымдарының өкілеттіктерін кеңейтумен қатар жүрді. 1932 жылы азық-түлік пен материалдық құндылықтарды ұрлау және ысырап ету үшін қатаң жаза қолдануды талап ететін директивалар енгізілді. Науқан барысында құқық қорғау ұйымдары билік пұрсатын бұрмалап, заң талаптарын асыра қолданды. Құқық қорғау ұйымдары авторитарлық биліктің құралы

ретінде әрекет етіп, азаматтардың жеке құқықтарын елемеді. Бұл жаппай тұтқындауларға, азаптаулар мен өлім жазаларына әкелді, әсіресе «тап жауларына» қатысты қатаң жазалар қолданылды. Науқан талаптарын орындау барысында кеңес өкіметін нығайту айтылғанымен, іс жүзінде мемлекеттің құқықтық негіздері әлсіреді. *Қорытынды.* 1930-жылдары Қазақстанда социалистік меншікті қорғау кампаниясы Кеңес өкіметінің репрессивтік саясатының құралына айналды. Бұл науқан азаматтардың құқықтарының жаппай бұзылуына, негізсіз жаза қолдануға және құқық қорғау органдарын авторитарлық режимді күшейту құралы ретінде пайдалануға әкелді, нәтижесінде құқықтық және моральдық нормаларға үлкен зиян келтірілді.

Түйін сөздер: Құқық қорғау органдары, социалистік меншік, заң, репрессия, адам құқықтарының бұзылуы, мүлікті тәркілеу, құқықты бұзу.

Дәйексөз үшін: Сағнайқызы С., Асылбекова Ж. М.-А., Омарова Г.Ә. «Социалистік меншікті қорғау» заңын орындау барысындағы құқық қорғау ұйымдарының қызметі // «Edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы. 2024. Т. 11. № 4. 915-927 бб. (Орысш.). DOI: 10.51943/2710-3994_2024_11_4_915-927


ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ПРАВООХРАНИТЕЛЬНЫХ ОРГАНОВ В ХОДЕ РЕАЛИЗАЦИИ ЗАКОНА «О ЗАЩИТЕ СОЦИАЛИСТИЧЕСКОЙ СОБСТВЕННОСТИ»

Сағнайқызы Самал¹, Асылбекова Жамиля Малик-Айдаровна^{2*}, Омарова Гулнар Алимбековна³

¹Казахский национальный университет им.аль-Фараби

(д. 71, просп. аль-Фараби, 050038 Алматы, Республика казахстан)


Кандидат исторических наук, старший преподаватель, КазНУ им. Аль-Фараби

 <https://orcid.org/0000-0002-6335-3271>. E-mail: Samal7373@mail.ru

²Университет Нархоз

(д. 55, ул. Жандосова, Алматы 050035, Республика Казахстан)

Доктор исторических наук, профессор, университет Нархоз

 <https://orcid.org/0000-0002-4546-0110>. E-mail: asylbekova777@mail.ru

³Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова

(д. 28, ул. Шевченко, Алматы 50010, Республика Казахстан)

магистр, институт истории и этнологии им.Ш.Уалиханова

 <https://orcid.org/0000-0002-0583-1113>. E-mail: Gulnara_78@mail.ru

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2024

© Сағнайқызы С., Асылбекова Ж. М.-А., Омарова Г.А., 2024

Аннотация. *Введение.* В 1920–1930-х годах в Казахстане проводилась кампания «защиты социалистической собственности», начатая в 1932 году. Эта кампания была частью политического курса советской власти, направленного на уничтожение частной собственности, воспринимаемой как угроза социалистическим идеалам. Кампания развернулась на фоне голодомора 1931–1932 годов, когда миллионы людей страдали от голода. В таких условиях борьба за социалистическую собственность стала дополнительной угрозой для граждан, добавляя преследования, аресты и репрессии. Органы правопорядка активно преследовали «врагов народа», включая крестьян, обвиняемых в поддержке старого порядка. Кампания вызвала массовые репрессии, значительно изменив политическую ситуацию в Казахстане. Цель исследования – анализ деятельности правоохранительных органов в период действия законодательства «О защите социалистической собственности» и оценка их действий с точки зрения законности и моральных норм того времени. Особое внимание уделено архивным материалам, раскрывающим, как трактовались законы и как это влияло на жизни граждан. *Результаты.* Кампания сопровождалась жесткими репрессивными мерами и расширением полномочий правоохранительных органов. В 1932 году были введены

директивы, требующие суровых наказаний за хищения и растрату ценностей. На практике действия органов часто выходили за рамки законных норм, что приводило к произвольным наказаниям. Правоохранительные органы действовали как инструмент авторитарной власти, игнорируя права граждан. Это вело к массовым арестам, пыткам и смертным казням, особенно в отношении «классовых врагов». Закон повлиял на судебную практику, выявив множество нарушений, таких как задержки в рассмотрении дел и необоснованные обвинения. Кампания стала инструментом укрепления советской власти, но подорвала основы правового государства. *Выводы.* Кампания «защиты социалистической собственности» в Казахстане 1930-х годов стала инструментом репрессивной политики советской власти. Она привела к массовым нарушениям прав граждан, произвольным наказаниям и использованию правоохранительных органов для укрепления авторитарного режима, что нанесло серьезный ущерб правовым и моральным нормам.

Ключевые слова: Правоохранительные органы, социалистическая собственность, закон, репрессии, нарушения прав человека, конфискация имущества, нарушение прав.

Для цитирования: Сагнайкызы С., Асылбекова Ж. М-А., Омарова Г.А. Деятельность правоохранительных органов в ходе реализации закона «о защите социалистической собственности»// Электронный научный журнал «edu.e-history.kz». 2024. Т. 11. № 4. С. 915-927. (На Русс.). DOI: 10.51943/2710-3994_2024_11_4_915-927

Введение

В Казахстане в 1920–1930-х годах большевики провели ряд политических и экономических кампаний, одной из которых стала кампания «защиты социалистической собственности», реализованная в 1932 году. Население, пытавшееся выжить в условиях голодомора 1931–1932 годов, столкнулось с новой угрозой в рамках процесса советизации. Органы правопорядка, интегрированные в систему советского административно-командного управления и исполняющие указания коммунистической партии, проявили чрезмерную активность в защите интересов государства, а не граждан, в ходе кампании «защиты социалистической собственности». Эта кампания продолжала политику уничтожения «кулаков» как класса, начатую в 1928 году, и была тесно связана с другими политическими и экономическими кампаниями того времени. В рамках исследования темы «защита социалистической собственности» как составной части красного террора, в статье впервые публикуются архивные документы, ранее не входившие в научный оборот.

Цель данного исследования – комплексный анализ деятельности правоохранительных органов в период действия законодательства «О защите социалистической собственности». Основной задачей является изучение методов, применявшихся правоохранительными органами, их воздействия на общественное устройство, а также оценка их действий с точки зрения соответствия законодательным и моральным стандартам того времени. В исследовании предполагается исторический обзор внедрения этого закона, анализ его ключевых положений и нормативных актов, а также изучение его практического применения и влияния на различные социальные группы, с акцентом на деятельность правоохранительных органов и общественное сопротивление советской власти.

Статья направлена на анализ деятельности правоохранительных органов в процессе реализации указанного закона и оценку его влияния на общество и систему правосудия. В работе рассматриваются вызовы и противоречия, которые возникли в ходе выполнения этого закона, а также на основе анализа извлекаются уроки для современного исторического процесса.

Материалы и методы

В процессе исследования темы статьи мы опирались на основные научные принципы познания, включая системность, объективность и историко-сравнительный подход. Применялись методы сбора и обобщения фактического материала, а также аналитические, логические и статистические методы исследования. Правоохранительные органы, которые

